



## ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Пәкістанның ұлттық мерекесі – Тәуелсіздік күніне орай Премьер-министр Шахбаз Шарифке құттықтау жеделхатын жолдап, ізгі тілегін жеткізді.

Жеделхатта Пәкістан тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап өзінің мемлекеттілігі мен егемендігін нығайту ісінде зор жетістікке жеткені атап өтілген.

Қасым-Жомарт Тоқаев Астана мен Исламабад арасындағы қарым-қатынастың достық сипатта екеніне назар аударып, екі ел халықтарының игілігі үшін екіжақты байланысты одан әрі дамыта түсуге дайын екенін білдірді.

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ЖАРЛЫҚТАРЫМЕН

Мұхтар Бескөнұлы Тілеуберді Қазақстан Республикасының Аустрия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, Қазақстан Республикасының Вена қаласындағы халықаралық ұйымдар жанындағы Тұрақты өкілі лауазымына тағайындалды;

Қазақстан Республикасының Испания Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі Данат Өмірбайұлы Мұсаев Қазақстан Республикасының Андорра Князьдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі, БҰҰ Дүниежүзілік туризм ұйымы жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілі қызметін қоса атқарушы болып тағайындалды;

Қазақстан Республикасының Эфиопия Федеративтік Демократиялық Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Барлыбай Кәрімұлы Садықов Қазақстан Республикасының Кения Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін қоса атқарушы лауазымына тағайындалды;

Асқар Сауытбекұлы Әбдірахманов Париж қаласындағы (Француз Республикасы) Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының және басқа да халықаралық ұйымдардың жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілі лауазымына тағайындалды.

## ЖОБАЛЫҚ БАСҚАРУ ОПА ТАПТЫРА МА?



Қазақстан толығымен жобалық басқаруға көшетін болды. Мемлекеттік басқару жүйесін жобалық басқару заң жүзінде бекітіледі. Осыған орай Цифрлық даму министрлігі тиісті тұжырымдаманы және заң жобасын әзірлеп жатыр. Ведомство мамандары осының арқасында нұ ормандай бытысқан бюрократия, бұқара мен бизнестің алдынан алты қабат арқан болып көрінген түрлі кедергі, деректер базаларын жайлаған қайшылықтар және басқа да кедергілер тарих қойнауына кетеді деп айтады. Бұған әзірге сену қиын. Себебі елімізде қапталып құрылған жобалық кеңселер көп нәтиже әкелмеді. Онда жаңа жүйе не бермек?

4»

## КІТАПХАНАШЫЛАРДЫҢ ЖАЛАҚЫСЫН КӨТЕРУ ҚАЖЕТ



Кеше «AMANAT» партиясының бас ғимаратында Сайлауалды бағдарлама аясында қарастырылған мәдениет және мұрағат саласы қызметкерлері мен кітапханашылардың жалақысын, әлеуметтік кепілдемелерін арттыру мәселесіне қатысты баспасөз мәслихаты өтті. Жиынға Парламент Мәжілісінің депутаттары, салалық ведомстволардың вице-министрлері, кітапханашылар және БАҚ өкілдері қатысты.

3»

## МӘШҲҮРДІ ҰЛЫҚТАУ – БАРШАҒА ОРТАҚ ПАРЫЗ

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов Мемлекет басшысының тапсырмасымен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 165 жылдық мерейтойына арналған салтанатты іс-шараға қатысты.



Алқалы жиын Павлодар облысы Баянауыл ауданында өтті. Мәжіліс спикері Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді.

– Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы халқымыздың ауыз әдебиетін, шежірелі тарихын және салт-дәстүрін жан-жақты зерделеп, ұлт руханиятын дамытуға өлшеусіз үлес қосты. Халықты өнер-білімге шақырған өлеңдер мен толғаулар, дас-тандар мен кассалар жазып, төл әдебиетіміздің

көкжиегін кеңейтті. Ұлы ойшылдың мол мұрасы әлі де талай ұрпақтың қажетіне жарары сөзсіз. «Салған мені бейнетке ғылым-білім» деп акынның өзі жырлағандай, терең таным мен телегей білімнің арқасында елге танымал болып, «Мәшһүр» атанған абызды ұлықтап, еңбектерін жұрттың жадында жаңғырту – баршамыздың ортақ парызымыз, – делінген Президент құттықтауында.

2»

## ҚҰС САҢҒЫРЫҒЫ ДА ҚАЖЕТКЕ ЖАРАЙДЫ



Әлемде қазір органикалық дүниеге көп көңіл бөлініп жатыр. Мұны күнделікті ақпараттан-ақ анық аңғарып отырмыз. Әсіресе, ауыл шаруашылығы саласы органикалық қалдықтарды тиімді пайдаланудың тың тәсілдерін көрсетіп отыр. Тың тәсілдің басын көпшілігі қайта өңдеу саласына тиесілі. Ал құс шаруашылығы саласында құс саңғырығын өңдеп, біршама пайда тауып отырған отандық кәсіпкерлер де жоқ емес.

5»

## ЖАСТАРДЫҢ БИГЕ ДЕГЕН ТАЛҒАМЫ ЖОҒАРЫ

Қазақ хореографиясының тарихы тереңде жатыр. Осы би өнерін терминологиялық, ұлттық құндылық жағынан зерделеп жүргендер көп емес. Сол санаулылардың қатарында Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген әртісі, өнертану ғылымдарының кандидаты, профессор Тойған Ізім бар.



6  
БЕТ

## ҮШІНШІ РЕТ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

Гүлжан Нақыпова – көпшілікке спортшы ретінде танымал. Әлемнің екі дүркін чемпионы болған ару бүгінде Испанияның Барселона қаласында тұрады. Сонымен қатар ол төрт тілді еркін меңгерген полиглот қана емес, білім саласымен айналысып жүрген кәсіпкер.



8  
БЕТ





## МӘШҰҰРДІ ҰЛЫҚТАУ – БАРШАҒА ОРТАҚ ПАРЫЗ

**Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов Мемлекет басшысының тапсырмасымен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 165 жылдық мерейтойына арналған салтанатты іс-шараға қатысты.**

Алқалы жиын Павлодар облысы Баянауыл ауданында өтті. Мәжіліс спикері Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді.

— Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы халқымыздың ауыз әдебиетін, шежірелі тарихын және салт-дәстүрін жан-жақты зерделеп, ұлт руханиятын дамытуға өлшеусіз үлес қосты. Халықты өнер-білімге шақырған өлеңдер мен толғаулар, дастандар мен қиссалар жазып, төл әдебиетіміздің көкжиегін кеңейтті. Ұлы ойшылдың мол мұрасы әлі де талай ұрпақтың қажетіне жарары сөзсіз. «Салған мені бейнетке ғылым-білім» деп ақынның өзі жырлағандай, терең таным мен тегелей білімнің арқасында елге танымал болып, «Мәшһүр» атанған абызды ұлықтап, еңбектерін

жұрттың жадында жаңғырту — баршамыздың ортақ парызымыз, — делінген Президент құттықтауында.

Ерлан Қошанов Ертіс-Баянауыл өлкесі ұлтымыздың тағдыры мен тарихына өшпес із қалдырған ұлы перзенттерді дүниеге әкелген киелі топырақ екенін атап өтті. Солардың бірі де, бірегейі — Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Мәжіліс төрағасы ақын өлеңдері мен көсемсөзі қазақ руханиятының алтын қорынан ойып тұрып орын алатынын айтты.

— Ол кезде заман қандай болғанын білеміз. Сол аласапыран уақыттың өзінде оның қаншама шежірені, дастан-қиссаларды, ертегілерді, айтыс үлгілерін көзінің майын тамызып отырып жинағаны ерлікке пара-пар, — деді Мәжіліс төрағасы.

Сөз соңында Мәжіліс спикері Ерлан Қошанов Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының есімі мен мол мұрасы халқымызбен бірге мәңгі жасай беретінін ерекше атап өтті. Мерейтой аясында облыста республикалық ақындар айтысы, жыршы-термешілер байқауы, көкпар, бөйге мен қазақ күресінен жарыс өтті.

## АВТОБУС ЖҮРГІЗУШІСІНЕ ШАБУЫЛ ЖАСАҒАН



**ҚР Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияров Оңтүстік Кореяда автобус жүргізушісіне пышақпен тап берген қазақстандық әйелге қатысты мәлімдеме жасады.**

Әлеуметтік желіде Сеулде Қазақстан азаматы автобус жүргізушісіне пышақпен шабуыл жасағаны хабарланған еді.

«Жақында Сеулден біздің азаматымыз жергілікті тұрғынға шабуыл жасады деген ақпарат алдық.

Мәселенің мән-жайын анықтадық. Ол әйелдің ұлты кәріс, күйеуі екеуі Кореяда ұзақ жылдар бойы тұрып келеді. Оған этникалық виза берген және бизнеспен айналысқан. 2020 жылдан бері арнайы ауруханада стационарлық ем алып келген. Оқиға болғанда да дәрілік препарат ықпалында болуы мүмкін», — деді Айбек Смадияров министрліктің апталық брифингінде.

Ресми өкілдің айтуынша, жақында Қазақстан консулы әйелдің жағдайын білуге барады. Мәселе толық бақылауға алынған.

## КҮМІС БЕЛДІКТІҢ ҚҰНЫ – 2,5 МЛН ТЕҢГЕ

**Ескелді шатқалында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 165 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған қолөнершілер өз туындыларын жұртшылық назарына ұсынды.**

Оның ішінде түрлі ұлттық бұйым, киізден басылған киім, әртүрлі формадағы жастықтар, күміс пен алтыннан жасалған әшекейлер бар. Ал көрмедегі ең қымбат бұйым — күмістен жасалған белдік.

Бүгінгі көрмеге екі белдік алып келдім. Бірі — алтын жалатылған күміс болса, екіншісі — таза күмістен жасалған. Күміс белдікті 2,5 миллион теңгеге бағаладым. Ал алтын жалатылған күміс белдік 2 миллион теңге тұрады. Олардың айырмашылығы көлемінде, — дейді зергер Берік Әлібаев.

Зергер Астанадан арнайы мерейтой үшін барған. Ол зергерлікпен ес білгелі айналысып келе жатыр. Атасынан қалған өнерді қазір шәкірттеріне үйретіп жүр.

Көрмеге өңірлерден де барғандар бар. Мәселен, қызылордалық қолөнерші Айдана Әлайдарова көрмеге киізден жасалған бұйымдарын қойған. Ол бұл киімдер мен бұйымдардың медициналық көмегі де көп екенін айтады.

— Қызылордада киіз басу өнерін үйретіп, насихаттап жүреміз. Мерейтойға арнайы шақырған соң киізден жасалған бұйымдарды ала келдім. Киізден аяқкіім, байпақ, тақия, ойыншық, көрпе басамын. Бір тақияны жасау үшін 3 сағат жеткілікті, — дейді қолөнерші Айдана Әлайдарова.

Мерейтойға Астанадан, Көкшетаудан және Қызылорда, Абай облыстарынан саудагерлер шақырылған.

## АЛМАТЫДА ЖОЛАҚЫ ҚЫМБАТТАДЫ

**Алматыда 21 тамыздан бастап қоғамдық автобуста жаңа тариф бойынша төлем жасау міндеттеледі. Нақтырақ айтқанда, «Оңай» картасы арқылы жол жүру құны – 100 теңге, ал қолма-қол төлейтіндер үшін – 200 теңге болып бекітілді.**



Қалада қоғамдық көлікті пайдаланушылар саны күніне 1,4 миллионды құрайды. Олардың 97 пайызы жол ақысын «Оңай» карта, QR немесе SMS арқылы төлейтінін ескерсек, өсім 20 теңгеге артады. Осы тұста, айта кететін маңызды жайт, елімізде тариф құнының мөлшері соңғы рет 2012 жылы белгіленген. 11 жыл бұрын дизель отынының құны 90 теңге болса, қазір 295 теңгені (+328%) құраған. Ал газ құны сол кезеңде 33 теңгеден бүгінге дейін 108 теңгеге (+327%) өскен. Алайда мұндай өсу статистикасына қарамастан тариф бағасында өзгерістер болмаған. Тиісінше, бұл тасымалдаушылардың шығынын арттыра түскен. Қала әкімдігі мамандарының сөзінше, әлеуметтік маңызы бар қалалық автобус маршруттарын субсидиялауға қаражат бөлінеді. Осы уақыт ішінде қоғамдық көлікте жолақысы мемлекеттік субсидиялар есебінен қолдау тапқан. Оларсыз жолақы бағасы биылғы тарифтерді есептеу әдістемесіне сәйкес 425 теңгені құрауы мүмкін еді.

Тариф құнының өзгермеуі жұмыс сапасына да әсер етпей қоймаған. Мысалы, 2017 жылдан бастап 2022 жылға дейін субсидиялар көлемі 13,8 есе, яғни 6,9 млрд теңгеден 50 млрд теңгеге дейін өскен. Биыл субсидиялаудың болжамды көлемі жана тариф құнына байланысты 85,5 млрд теңгеге жеткен. Қала әкімінің орынбасары Аскар Әмрин жанадан бекітілген баға тасымалдаушылардың шығынын өтей алмайтынын айтады.

— Себебі жол жүрудің нақты құны бекітілгеннен 3 есе қымбат. Осыған байланысты әкімдік ай

сайын тасымалдаушылардың шығынын субсидия түрінде жауып келеді. 2020-2022 жылдары төленген субсидия сомасы 115,8 млрд теңгені құрайды. Инфляцияның, жанармай бағасының өсуі мен қосалқы бөлшектердің шығынын ескере отырып, төленетін субсидиялар сомасы жыл сайын 10 пайыздан 30 пайызға дейін ұлғаяды, — дейді әкім орынбасары.

Қала әкімдігінің қызметкерлері жанадан бекітілген тариф құны субсидия мөлшерін 10 млрд теңгеге төмендетуге мүмкіндік беретінін айтады. Бұл қаражатты өзге де әлеуметтік маңызы бар жобаларға қайта бөлуге болатын көрінеді. Сондай-ақ әкімдік берген ресми ақпаратқа жүгінісек, әрбір автобустың қозғалысын бақылауға, талаптар бойынша есеп жүргізуге көмектесетін арнайы жүйелер енгізілген.

— Жүйенің нәтижесінде Алматы агломерациясы аясында көлікті цифрландыру және жолаушылардың көші-қонын анықтау мүмкін болды. Жыл сайын тасымалдаушылар жана жылжымалы бірліктерді сатып алады. Олар соңғы жылдары бірнеше рет қымбаттады. Ағымдағы жылы коммунальдық автопарк 600 автобус пен 100 троллейбусқа келісімшарт жасасты, — дейді әкімдік өкілдері.

Айта кетейік, жолақы өскенімен, қызметті тегін пайдалану мүмкіндігіне ие жолаушылар үшін жеңілдік баяғы калпында сақталған.

**Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,**  
Алматы қаласы

## ЖОҒАЛҒАН ҚЫЗ ТАБЫЛДЫ




**17 жасар қыз бала анасымен ренжісіп, үйден кетіп қалған. Жасөспірім Деркөл маңындағы орман алқабынан табылды деп хабарлады БҚО ПД баспасөз қызметі.**

17 жасар Адель Сансызбаева үйінен 8 тамыз күні шығып кеткен. Анасы полицияға 9 тамыз күні хабарласқан.

— 9 тамыз 11:50-де Зашаған полиция бөліміне Белес ауылының 1984 жылғы тұрғыны хабарласып, 2006 жылғы қызының жоғалып кеткені туралы айтты. Хабар түскен бойда барлық жеке құрам жасөспірімді іздеуге кірісті. Жоғалған қыз баланы үш күн іздеп, оны Деркөл кенті маңындағы орман алқабынан таптық. Жасөспірім аман-сау, — деп мәлімдеді полиция департаментінің баспасөз қызметі. Адель Сансызбаева полицияға үйден анасымен ренжісіп кетіп қалғанын айтқан.

Біздің редакция анасына хабарласып, мән-жайды анықтамақ болды. Бірақ анасы бұл тақырыпта мүлдем сөйлескісі келмейтінін айтты.

Полиция өкілдері жалпы жаз айларында жасөспірімдердің үйден кетуі жиілейтінін айтады.



Жалпы осы жылдың жеті айында 91 адам іс-түсіз жоғалған. Оның ішінде екі адам әлі күнге табылмай отыр. Қалғандары аман табылып, отбасыларына оралды дейді тәртіп сақшылары.

Жыл басынан бері көмелет жасына жетпеген 24 балаға іздеу жарияланды. Бүгінде олардың бәрі де табылды.

# КІТАПХАНАШЫЛАРДЫҢ ЖАЛАҚЫСЫН КӨТЕРУ ҚАЖЕТ

Кеше «AMANAT» партиясының бас ғимаратында Сайлауалды бағдарлама аясында қарастырылған мәдениет және мұрағат саласы қызметкерлері мен кітапханашылардың жалақысын, әлеуметтік кепілдемелерін арттыру мәселесіне қатысты баспасөз мәслихаты өтті. Жиынға Парламент Мәжілісінің депутаты, салалық ведомстволардың вице-министрлері, кітапханашылар және БАҚ өкілдері қатысты.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биыл Ұлттық құрылтайда кітап оқитын ел зиялы ұлтқа айналатынын айта келе, жас ұрпақтың кітап оқуға деген құштарлығын ояту қажет екенін алға тартқан еді. Сөз басында Мәжілістегі «AMANAT» фракциясының депутаты Жұлдыз Сүлейменова елімізде 7 500-ден астам мектеп, 124-тен астам жоғары оқу орны бар екенін, алайда ондағы кітапханашылардың жалақысы өспей отырғанын атап өтті.

«Жыл сайын мәдениет саласындағы кітапханашылардың еңбекақысы 15-30%-ға артып келе жатқанымен, білім саласындағы, соның ішінде мектеп кітапханашыларының жалақысы жоғарыламай отыр. Бұл — аса маңызды мәселе. Кітапханашылар арасындағы мұндай теңсіздікке жол беруге болмайды. Соның салдарынан, алдағы 3 жылда 6 мыңға жуық кітапхана қызметкерінің тапшылығы пайда болады деген болжам бар. Сәйкесінше, біз «Кітапхана ісі» мамандығына мемлекеттік грант санын 30%-ға арттыруды ұсындық. Бұл ұсыныс оң шешімін тапты», — деді халық қалаулысы.

Бұл ретте Мәдениет және спорт вице-министрі Арман Жүдебаев мұрағат пен кітапхананы бөлуге болмайтын және кітапханашылардың жалақысын арттыру мақсатында өзге ведомстволармен бірге жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын жеткізді.

«Мәдениет және спорт министрлігінің 2023 жылға арналған тұжырымдамасы бекітілді. Біз осы тұжырымдама аясында нақты жұмыс атқарып жатырмыз. «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында мәдениет, мұрағат және кітапхана қызметкерлерінің жалақысын өсіру көзделгенін жақсы білесіздер. 2023-2025 жылдар аралығында мұрағат саласы мамандарының жалақысын 100%-ға дейін көтеруді жоспарлап отырмыз. Мұрағат пен кітапхананы бөлуге болмайды. Сондықтан министрлік кітапхана, мұрағат қызметкерлерінің жалақысын жоғарылату мақсатында өзге ведомстволармен бірге жүйелі жұмысты жолға қойды», — деді вице-министр.

Өз кезегінде елордадағы Ұлттық академиялық кітапхана директоры Ғазиза

Құдайбергеновқы кітапхана қызметкерлері мардымсыз айлық алатынын айтып, қазіргідей қымбатшылық заманында бұл қаражат мамандардың әл-ауқатын арттыра алмайтынын тілге тиек етті.

«25 жылдық еңбек өтілі бар кітапхана басылары — 172 мың теңге, ал «С» блогындағы кітапхана қызметкерлері небәрі 94 мың теңге жалақы алады. Әрине, бытырдан бері кітапхана қызметкерлерінің жалақысы жыл сайын шамамен 20%-ға артып келеді. Қымбатшылық қос бүйірден қысып тұрған кезде осы мәселеге де баса мән беріп, кітапханашылардың жағдайын жақсартуға назар аудару қажет», — деді Ғазиза Құдайбергеновқы.

Осы орайда Оқу-ағарту министрлігіне қарасты республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана директоры Әлия Сайдембаева білім беру ұйымдарындағы 25 жыл еңбек өтілі бар кітапханашылардың айлығы 130 мың теңге болғанымен, қолға бар болғаны 110 мың теңге алатынын, сондай-ақ ең төменгі айлық 85 мың теңгені құрайтынын жеткізді.

«Елімізде осы салада 8 300 кітапханашы қызмет атқарады. Оның 5 900-і — жоғары білімді, қалғаны — орта білімді мамандар. Жалақы мөлшері төмен болған соң маман тапшылығы мәселесі де өте өзекті. Мектеп кітапханаларында көбіне зейнет жасындағы мамандар еңбек етеді. Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты кітапханашыларға қарағанда мектеп кітапханашыларының айлығы 50-60 мың теңгеге аз», — деді Әлия Сайдембаева.

Ал Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Олжас Ордабаев азаматтық қызметшілерге арналған жана әдістеме әзірленіп жатқанын және бұл құжат жыл соңына дейін дайын болатынын айтты.

«Азаматтық қызметшілердің мемлекеттік сектордағы үлесі шамамен 36%-ды немесе елдегі барлық жұмыс күшінің 13%-ын құрайды. Оларға еңбекақы төлеу жүйесі қолданыстағы заңнамаға сәйкес есептеледі. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2022 жылдан бері жалақы жыл сайын 20%-ға артып келеді. Соған қарамастан, азаматтық қызметшілердің айлығына

қатысты қоғам тарапынан көп мәселе көтерілуде. Бұл ретте, министрлікте арнайы жұмыс тобы құрылып, оның құрамына түрлі саланың өкілдері енді. Аталған жұмыс тобы зерттеу жұмысын жүргізіп, азаматтық қызметшілерге арналған жана әдістемені әзірлеп жатыр. Бұл әдістеме жыл соңына дейін дайын болады», — деді вице-министр.

Мәжілістегі «AMANAT» фракциясының мүшесі, депутат Еркін Әбіл «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша мемлекеттік грант саны арқанымен, кітапханашылардың жалақысы жоғарыламайынша, осы салада еңбек етуге ұмтылатын жастар саны артпайтынын айтып отыр.

«Білім беру саласындағы кітапханашылардың жалақысын мәдениет саласындағы кітапханашылардың жалақысымен теңестіру үшін 3 жылға шамамен 5 млрд теңге қажет. Яғни, жыл сайын 1,5-2 млрд теңге аралығында бөліп отыру керек. Ел бюджеті үшін бұл аса көп қаражат емес. Сондықтан Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қолға алған жана әдістемені әзірленуін күтіп отырмай, кітапханашылар жалақысын жоғарылату жөнінде шешім қабылдау керек. Вице-министрдің айтуынша, әдістеме тек жыл соңында дайын болады. Оны талқылап, бекіту үшін де кемі жарты жыл уақыт қажет. Бұл әдістеме айналдырған 1-2 айда бекітілмейді. Біз жана әдістемені әзірленуін күтіп жүргенде бюджет бекітіліп кетеді», — деді депутат.

Өз кезегінде, Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары Бану Нарбекова білім ордаларындағы кітапхана қызметкерлерінің жалақысын, кәсіби дағдысын арттыру бойынша бірқатар жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өтті.

«Еліміздегі жоғары оқу орындарында 185 кітапхана бар. Онда 1 382 кітапхана қызметкері еңбек етеді. Олардың орташа еңбекақысы — 200 мың теңге. Бұл — қатардағы қызметкерлердің жалақысы болса, кітапхана басыларының орташа айлығы шамамен 500 мың теңгеге жеткен. Ендігі мақсат — жастарды осы кітапхана саласында еңбек етуге ынталандыру, олардың бойына жана кәсіби дағдыларды сіңіру. Ол үшін, әрине ең алдымен кітапхана қызметкерлерінің жалақысын арттыру қажет. Сондай-ақ бүгінде цифрлы кітапханаларға көп көңіл бөліп жатырмыз. Бытыр Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары кітапханаларының қауымдастығы құрылды. Аталған қауымдастықта жоғары оқу орындарындағы кітапхана қызметкерлерін толғандырған әлеуметтік мәселелер талқыланып, мамандардың кәсіби дағдылары дамытылады», — деді комитет төрағасының орынбасары.

Жиын соңында БАҚ өкілдері өздерін толғандырған сауалдарын жолдап, тиісті жауап алды. «AMANAT»-тың Сайлауалды бағдарламасында қамтылған бастамалардың жүйелі жүзеге асырылуы алдағы уақытта да партия назарында болады.

# САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА ЖҮЙЕЛІ ЖҮЗЕГЕ АСУДА

«AMANAT» партиясының халық сұранысын негізге ала отырып жасақталған сайлауалды бағдарламасы «Халықпен бірге» деп аталады. Өйткені онда еліміздің барлық өңіріндегі жұртшылықтың өтініштері саралана отырып, енгізілген.



Мәселен, соның бірі — мектепке дейінгі білім беру орындарының санын арттыру. Осы мақсатта биыл Маңғыстау облысында 14 балабақша салу жоспарланған еді. Бүгінде оның 7-і ел игілігіне қызмет көрсетуді бастап кетті. «AMANAT» партиясы Маңғыстау облыстық филиалының төрағасы Нұрбек Қарасаев пен облыстық мәслихат депутаты Абзал Марат Ақтау қаласында жаңадан ашылған балабақшаларды аралап, кәсіпкерлердің жұмысымен танысты. Ақтау қаласындағы Шығыс-3 шағынауданындағы 95 орындық Padshah, 29 шағынауданындағы 100 орындық «Шах Village garden» балабақшасы иелерінің бұл бірінші балабақшасы емес. Бұл кәсіп түрін ұршықша иіріп жүрген кәсіпкерлермен тілдескен «AMANAT» партиясы Маңғыстау облыстық филиалының төрағасы Нұрбек Қарасайұлы заңдылық жағынан қандай да бір көмек қажет болған жағдайда партия қолдауға, заң аясында кенес беруге дайын екенін айтты. Кәсіпкерлер балабақша жұмысымен, балабақша ашу жолындағы тәжірибесімен бөлісіп, қолдауға дайын партияластарына алғыс білдірді.

Ал Жамбыл облысында бұл тұрғыдағы басты мақсат — өңір азаматтарының басыбайлы баспамен қамтасыз етуге ықпал ету. Партияның Сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі өңірлік Жол картасында аймақты тұрғын үй, жер учаскелерін инфрақұрылыммен қамтамасыз ету айқын көрсетілген. Осы орайда Байзақ ауданында партияның облыстық филиалы жанындағы Өңірлік даму жөніндегі аймақтық кеңестің көшпелі отырысы өтіп, аталған мәселелердің іске асырылу барысы талқыланды. Басқосуда Байзақ ауданы әкімінің орынбасары Дулат Жақыпбековтың баяндамасы тыңдалып, тұрғын үй, жер учаскелерін инфрақұрылыммен қамтама-

сыз ету мәселелері назарға алынды.

Бүгінде ауданда тұрғын үй кезегінде 2 420 адам, ал жер кезегінде 12 226 азамат тұр. Кезекте тұрған азаматтардың сұраныстарын қанағаттандыру мақсатында тұрғын үй алқаларын қажетті инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар атқарылуда. Яғни, 2018 жылы Жетібай, Қостөбе және Мырзатай ауылдарындағы алқаларға аудандық бюджет есебінен инфрақұрылым жүргізілген. Нәтижесінде, 2019 жылы жоғарыда көрсетілген елді мекендерден кезекте тұрған азаматтар жер телімдерімен қамтылған.

«Өздеріңіз білетіндей, маусым айында Сарыкемер ауылында көпқабатты 4 тұрғын үйдің құрылысы басталған болатын. Бұл үйлер биылғы жылдың аяғында тағы 2 үйді өз қаражаты есебінен салу жоспарлануда», — деді аудан әкімінің орынбасары.

Осындай жұмыстар жүргізіліп жатқанына қарамастан мәселелер де жоқ емес. Атап айтқанда, ол инфрақұрылым жүргізу барысында негізгі су, жарық және көгілдір отынның кейінге шегеріліп қалуы. Салынған жолдың сапасыз салынуы тұрғындар көңілін күпті етеді. Бір айта кетерлігі, инфрақұрылымнан бөлек байланыс сапасына мән берілуі қажет. Тағы бір тілге тиек ете кетерлік жайт, жер телімдері кезекте тұрған азаматтарға берілуі де беріліп жатыр. Дей тұрғанмен, ол учаскелерге халықтың үй салу деңгейі төмен. Нәтижесінде, жүргізілген инфрақұрылым уақытына жетпей істен шығып, тіпті жекелеген бөлшектерінің қолды болу фактілері тіркелуде. Сондықтан жер телімін беруде алдымен тұрғындардың әлеуметтік әлеуетін ескеру қажет-ақ.

# ОРМАНШЫЛАРДЫҢ КҮЙІ МӘЗ ЕМЕС



Мәжіліс депутаты, «AMANAT» фракциясының мүшесі Нартай Аралбайұлы өңірлерге сапары барысында Батыс Қазақстан облысының орманшыларымен кездесті.

Бүгінде аталған өңірде 216 800 гектар орман бар. Оны бас-аяғы 651 орманшы күзетіп жүр.


«Табиғатты қызғыштай қорып жүрген азаматтардың еңбегін билік бүгінге дейін елемегені рас. Еліміздегі мыңдаған орманшы түкке жетпейтін жалақыға жұмыс істеуге мәжбүр. Олардың еңбекақысы небәрі 70 000 теңге. Қазіргідей қымбатшылықта бұл ақшаға адамдар қалай жан бағады? Орманшылардың жалақысы өседі деп сүйіншілеген Экология және табиғи ресурстар министрлігі азаматтарды алапал, әділетсіз әрекет жасап жатыр. Еңбек адамдарын бұлай өтірік уәдемен алдауға болмайды. Бұл мәселемен ресми түрде айналысамын», — деді депутат.

Халық қалаулысының айтуынша, «Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Орал қаласының шаруашылығы» МКК мамандары бүгінде 27 839 гектар орманды күзетеді. Айлықтары

бар болғаны 70 000 теңге. Жалақы аз болған соң маман тапшылығы мәселесі де күн тәртібінен түспей келеді.

«Орманшылардың техникалық жақтары тіпті жұтаң. Оралдағы мекемеге 27 839 гектар орманды өрттен қорғау үшін 1 ғана өрт сөндіру көлігі берілген. Алайда 2015 жылы зауыттан шыққан көлік жолсыз жермен жүре алмайды. Ұзындығы 200 шақырымнан астам аумақты жалғыз көлікпен қалай өрттен қорғауға болады?», — дейді Н.Аралбайұлы.

Сапар аясында депутат Орал орман шаруашылығы тәлімбағына да ат басын бұрды. Халық қалаулысының айтуынша, шенеуніктерге жоспарды ести сала алашапқы болатын шақтың келмеске кеткенін түсінетін кез жетті. Жергілікті жердегі шенділер алдымен тапсырманың түбіне үнілуді, бастаманың байыбына баруды үйрену керек. Сондай-ақ, депутат тәлімбақ қызметкерлерінің де



жалақысы мардымсыз екенін және бұл салаға баса мән беру қажет екенін жеткізді. «Жұртқа жақсы жалақы төлеу керек, формализмді жою керек!», — деп түйіндеді халық қалаулысы.

# ЖОБАЛЫҚ БАСҚАРУ ОПА ТАПТЫРА МА?

**Қазақстан толығымен жобалық басқаруға көшетін болды. Мемлекеттік басқару жүйесін жобалық басқаруға заң жүзінде бекітіледі. Осыған орай Цифрлық даму министрлігі тиісті тұжырымдаманы және заң жобасын әзірлеп жатыр. Ведомство мамандары осының арқасында нұр ормандай бытысқан бюрократия, бұқара мен бизнестің алдынан алты қабат арқан болып керілген түрлі кедергі, деректер базаларын жайлаған қайшылықтар және басқа да кедергілер тарих қойнауына кетеді деп айтады. Бұған әзірге сену қиын. Себебі елімізде қаптатып құрылған жобалық кеңселер көп нәтиже әкелмеді. Онда жаңа жүйе не бермек?**

Негізі, жобалық басқару дамыған елдердің озық үлгісі, тиімді тәсілі саналады. Оны жарға жығып отырған – қырсыз шенеуніктер.

Қазақстан билігін жобалық басқаруға толық ауыстыру аясында таяуда, 2023 жылғы 10 шілдеде Президент Астана мемлекеттік қызмет хабының Басқарушы комитетінің төрағасы Әлихан Байменовті қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Астана хабы мемлекеттік басқару жүйесін дамыту мәселелері бойынша сараптамалық тұрғыда маңызды қолдау көрсетуі керек екенін еске салды. Оның айтуынша, мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту, билік өкілеттіктерін орталықсыздандыру және мемлекеттік органдар қызметіне жобалық әдісті белсенді енгізу арқылы әкімшілік реформаны тиімді жүзеге асыру маңызды.

Әлихан Байменовтың пікірінше, жобалық басқару – менеджменттегі тиімділікті арттыруға ықпал ететін бірегей тәсілдердің бірі. Оның елімізде енгізудегі бастапқы қадамдар сонау 2010-шы жылдары басталыпты. Ол кезде ел басшылығына экономикалық реформалар мәселелері жөнінде ақыл-кеңес берген Тони Блэр Қазақстанда жобалық басқаруды енгізуді ілгерілетті. Өйткені Ұлыбритания бұл саладағы әлемдегі лидерлердің бірі. 2013 жылы Президент ханындағы Мемлекеттік басқару академиясында тиісті пән енгізілді. Кадрлар даярлана бастады. Бергінде мемлекеттік бағдарламаларды жойып, орнына ұлттық жобалар қабылдау идеясы ұсынылды.

Ә.Байменов жобалық басқару – халықтың қаржысын ысырап етпей, тиімді әрі орнымен жұмсауға, жемқорлықты төмендетуге оң ықпалын тигізеді дейді. Әйтпесе, ескі тәсілде мысалы, мемлекет қолдауымен кәсіпорын тұрғызылады. Алайда ол іске қосылған соң ғана оған шикізат жеткізу жағы ойластырылмағаны, оны қуаттандыратын энергия көзінің тапшы екені, өнімнің өткізетін нарықтардың жоғы анықталады, басқа да нюанстары ескерілмеген болып шығады. Яғни, дамыған елдердегідей жобалық басқару қағи-

даттары ескерусіз қалады. Ақыры ондай кәсіпорын не толық қуатына шыға алмайды, не жабылып тынады.

Индустриалдық-инновациялық даму, ауысу және басқа бағдарламаларда осындай оқалықтар мен жөнсіздіктер байқалды. Әкімдіктерде де, министрліктерде де жобалық басқаруды білетін, оның әдістерін меңгерген маман аз. Ал Америкада жобалық басқаруды меңгеру – бірқатар мемлекеттік лауазымда кандидаттарға қойылатын басты біліктілік талаптарының бірі саналады.

Сарапшылардың түсіндіруінше, жобалық басқарудың басты ерекшелігі сол, оның аясында әрбір бастама, әрбір тапсырма жеке жоба ретінде қаралады. Оның басты мақсат-міндеттері, түпкі көрсеткіштері бекітіледі, оны орындау үшін қажетті команда жасакталады. Оның басшысы нәтижеге жетуге басымен жауап беруге тиіс. Өйткені жауапты адам болмаса, істе онбайды. Мықты команда болмаса, іс ілгері жылжымайды.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі жобалық басқарудың бейресми «басты органы» (ол заңмен бекітілмеген) деп санауға болатын Цифрлық үкімет кеңсесін (ЦҮК) Президентке сонау 2021 жылы таныстырды. Сонда ведомство жана тәсіл бюрократияны, түрлі күрмеулі келергін, деректер базаларын былықтырған қайшылықтарды жоюына сендірген.

Бұл ретте ЦҮК құрамында Жағдаяттық орталық, Ұлттық сараптамалық орталық, Цифрлық трансформация орталығы және Ұлттық жобалау кеңселері құрылды. Оған барлық ақпараттық база қолжетімді және ол бүкіл өңірлермен етене жұмыс істеп, жобаларға қатысты барлық жағдайды назарда ұстайды.

## АУДИТОРЛАР НЕГЕ ҚАБАҒЫН ТҮЙДІ?

Цифрлық даму министрі Бағдат Мусиннің айтуынша, сынақ ретінде қолға алынған бұл бастама тиімділігін көрсетті. Өңірлерден орталыққа түсетін қаншама күдікті есеп пен дәлелсіз дерек әшкереленіпті. Мәселен, пандемия кезінде корона-вирусқа, вакциналауға қатысты кейбір ірі кәсіпорындар мен әкімдіктердің есебі жалған болып шыққан. Олардың көрсеткіштері түрлі базадағы мәліметтермен салыстырылып, сараптама жасалғанда, сандар өзара сәйкес келмей, «басқа ақиқат» анықталды.

Бұл кенсе біраз жөнсіздікті ретке келтіріп, процестерді автоматтандыруға үлес қосқан. Мысалы, бұған дейін жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскесін алу үшін 11 қадам жасап, 88 күн күту керек болса, жана үдеріс енгізілгені бұған 3 қадам жасап, бірнеше күнде қол жеткізуге болады.

Алайда бұдан мемлекеттік басқару бәрібір жетіліп, кемеліне келе қоймайды. Неге?

Жоғары аудиторлық палата жобалық басқарудың алдын ала нәтижелерін жоғары бағалап отырған жоқ. 2022 жыл қорытындысында елде тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының сомасы 421,2 миллиард теңгені құрады. Салыстырсақ, ол енгізілгенге дейін, 2018 жылы тиімсіз жұмсалған қаржы көлемі 137,8 млрд теңге болыпты.

Жобалық басқару аясында Мемлекет басшысы 2021 жылғы 7 қазандағы Жарлығымен он ұлттық жобаның тізбесін бекітті. Ал бүгінде Үкімет ол ұлттық жобаларды бірінен соң бірін жоюға қойып жатыр. Олардағы жүзеге аспаған, әлі орындалмаған жобалар қолданыстағы тұжырымдамаларға, басқа да құжаттарға қосылып, интеграцияланады.

Жоғары аудиторлық палатаның мәліметінше, 2022 жылы 10 ұлттық жоба іске асырылды. Құпиясы көп «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасын есепке алмағанда, оның тоғызын орындауға 8,1 триллион теңге бағытталған. Оларды жоюға қойма бұрын не нәтиже әкеліп, қандай қайырымы болғанын жете пысықтау керек еді.

Себебі ұлттық жобалардың көбіне бұрын жоқпарланғаннан да қол шығын шығарылған. Мемлекеттік органдардың ақпаратына сәйкес, 2022 жыл қорытындысында ұлттық жобалар жоспары қажеттілікте орта есеппен 106%-ға асыра қаржыландырылды: «Салауатты ұлт» – 120,6%, «Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту» – 117,4%. «Кәсіпкерлікті дамыту» – 111%, «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық нарық» – 102,9%, «Білімді ұлт» – 101,8%. Бүгінде жойылып жатқан «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы аясында бөлінген қаражаттың 98,1%-ы, «Күшті өңірлер – елдің даму драйвері» – 96,3%, «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған тұрақты экономикалық өсу» – 99,7%, «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасының қаржысының 80%-ы игеріліп қойған.

Содан былтыр қазақ мәдениеті бүкіл әлемге танылды ма? Ел рухани жаңғырды ма? Қазақстанның имиджі асқақтады ма? Қазақстандықтардың тұрмысы жақсарып, шетінен байыды ма? Қазақстан жасыл елге айналды ма? Экология күрт тазарды ма? Сұрақ көп, жауап жоқ.

Шығындалған сегіз триллион теңгенің сайда саны, құмда ізі қалмады. Ол үшін жобалық басқарушылардың ішінде бірде-бір адам жауап бермеді.

Жоғары аудиторлық палата жүргізген талдау көрсеткендей, он ұлттық жобаның 7-уінің тиімділік деңгейі төмен деп танылды және оларда бекітілген жалпыұлттық мақсаттарға сол бойы қол жеткізбеу қаупі бар.

## НЕГЕ ӨЗГЕРМЕДІ, ЕНДІ НЕ ӨЗГЕРМЕК?

2023 жылғы жағдай бойынша мемлекеттік басқару жүйесіне жобалық басқаруды енгізудің қорытындысында, 3 жыл ішінде орталық мемлекеттік және жер-



гілікті атқарушы органдарда 44 жобалық кенсе (ЖК) құрылып, жұмыс істеп тұр. Басым көпшілігі орталық аппарат құрамына кіреді. Ведомстволық бағынысты ұйымдардың базасында 12 ЖК ашылған.

Бұл ретте ведомстволық бағынысты ұйымдардағы кеңселер қаржыландыруда қиындыққа ұшырапты.

Ұлттық жобалық кеңсенің ақпараты бойынша, жобалық кеңселер толық көлемде кадрмен қамтылмаған: білікті мамандар түгелі қатардағы қызметкерлердің тапшылығы «өткір тұр». Жергілікті және орталықтағы ескіше ойлап, жұмысын бұрынғыша сайлап үйренген біраз бастық пен басқа шенді жобалық басқарудың мәнін түсінбейді, қажет санамайды.

«Жобалық басқарудың үлгілік ұйымдық құрылымына сәйкес, әрбір мемлекеттік органның жобалық кеңсесінің құрамына: жобалау кеңсесінің басшысы, бас менеджері, әкімшілік кіруге тиіс. Бұдан бөлек, әрбір басалық бағыт бойынша: базалық бағытты іске асыру тобының басшысы, топ менеджері, топ әкімшісі болуы шарт. Мұның сыртында, үлгілік базалық бағыт бойынша: үлгілік бағытты іске асыру тобының басшысы, топ менеджері мен әкімшісі жұмыс істеуі керек. Осылайша, әрбір орталық меморганда жобалық кеңсенің құрамына кемінде 18 адам (3+5\*3), әкімдікте 21 адам (3+6\*3) болуға міндетті», – деп түсіндірді Цифрлық даму министрлігінің сарапшылары.

Іс жүзінде бірқатарында мұның жартысы да жоқ көрінеді.

Министрлік алдағы бетбұрыс аясында ең алдымен осы қадірлі мәселе шешілсе, іс әлдеқайда оңалды деп отыр: «Осы кемшіліктер мен проблемалардың себеп-салдарлық байланыстарына талдау жүргізілді. Егер мемлекеттік басқару жүйесіне жобалық басқарудың ұлттық жүйесі нақты, практикалық түрде енгізілсе, бұл осы себептерді жоюға, сонымен қатар бүкіл мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі мен өнімділігін күрт арттыруға мүмкіндік береді».

Яғни, бюрократтар жобаларды ғана емес, сондай-ақ жобалық басқарудың өзін деграляцияға ұшыратыпты.

Елдос СЕНБАЙ

# ҚЫМБАТШЫЛЫҚТЫҢ БІР СЕБЕБІ – ҚОЙМА

**Ауыл шаруашылығында мәселе аз емес. Бұл өз кезегінде елдегі қымбатшылыққа бір себеп болып отыр. Десе де, қымбатшылық тек сауда саласының проблемасы ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан келгенде қос саланың арасына алтын жіп жалғап, баға саясатын жолға қойған дұрыс-ақ.**

Нұрлан ҚОСАЙ



қаншама табалдырықты тоздырып жүрміз. Мәселені ашып айтар болсам, тез бұзылатын азық-түліктерді сақтауда сауда саласы үлкен зардап тартып отыр. Бұл маусымдық ауылшаруашылық өнімдеріне қатысты. Ауыл шаруашылығы министрлігі қолданып отырған сақтау қоймалары, ондағы температуралық режимде жұмыс істейтін жабдықтар Сауда және интеграция министрлігінде де болуы керек. Сол жоқ болғандықтан сауда айналымына шығарылған өнімдердің бұзылып кету үлесі жоғары болып тұр. Бізде ол 25-30%-ды құрайды. Бұл дегеніміз – тұтынушының қалтасына салмақ болып түсіп тұр деген сөз. Қымбатшылықтың бір себебі осы қойма мәселесі», – дейді «Қазақстан сауда кәсіпорындары қауымдастығы» ЗТБ президенті Жібек Жаубаева.

Осы тұрғыда Занды тұлғалар бірлестігі басшысы Ауыл шаруашылығы министрлігінен қоймаға, ондағы жабдықтарға жұмсалатын шығынды субсидиялауды сұраған екен. Онда да тек көтерме саудадағы инфрақұрылымдарға қатысты жерлерге көмектесуін өтінген. Өйткені бизнесте оған қаржылай мүмкіндігі жоқ. Оларды алу, қондыру және пайдалану шығындарын мемлекет өтеп берер болса, дүкен сөресіне жететін түпкі өнімнің бағасы да төмен болмақ. Бірақ АШМ ол өтінішін орындаудан бас тартқан. Сол сияқты СИМ де «бізде мұндай позиция қарастырылмаған» деген себеппен сауда кәсіпорындарын лайықты қоймамен қамтамасыз етуге келіспей отыр. Ал елімізде салынады делінген Көтерме-тарату орталықтарының құрылысы қантарып тұр.

Бұл тұрғыда министрлік өкілдерінің де өз уәжі бар екен.

«Көтерме-тарату орталықтары инвесторлардың қаражатына салынуы керек. Ал оны олар қай өңірге салғысы келетінін өздері таңдай алады. Мұндай мүмкіндік оларға жұмсаған қаражатын кейін қайтарып алу үшін беріліп отыр. Сол себепті олардың құрылысы әзірге тоқтап тұр. Ал көкөніс сақтау қоймаларына келер болсақ, бұл тұрғыда Ауыл шаруашылығы министрлігінің кешенді жоспары бар. Сондықтан да жетіспей жатқан қоймалар саны 2030 жылға дейін толық салынып бітпек. Қоймаға жабдықтар алып беру шығынын субсидиялау мәселесінен хабардармыз. Бұл мәселені қарастыруға дайынбыз. Қазір сауда желілерінің инфрақұрылымын жетілдіруге субсидия бөлуге қатысты мәселемен айналысып жатырмыз. Одан кейінгі кезеңде АШМ-мен осы айтылған мәселені субсидиялау жайына да келуге болады. Елімізде инвесторлардың ақшасына салынған көкөніс қоймалары бар. Онда керекті жабдықтар қойылған. Бірақ олар тікелей мақсатында қолданылып отырған жоқ. Не себепті екенін білмейміз», – дейді Сауда және интеграция вице-министрі Қайрат Балықбаев.

Ал әу баста «Кәсіпкерлікті дамыту» ұлттық жобасы аясында қарастырылған Ұлттық тауар өткізу жүйесін (ҰТӨЖ) құру мақсатының бірі Көтерме-тарату орталықтарының (КТО) құрылысын салу еді. Олардың функциясы үшке бөлінеді: сақтау, сату және тарату. Таяуда Маңғыстау облысында осындай нысанның құрылысы таныстырылды. Ақтаудағы көтерме-тарату орталығын салу жобасының құны 3,5 млрд теңгені құрайды. Орталық 20 мың тоннаға дейін көкөністер мен жемістерді сақтауға қабал-

Шенеуніктер жобалық кеңсенің ұсынымдарына ары қарай да жүрдім-бардым қарамауы үшін Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске, Бюджет кодексіне, «Мемлекеттік қызмет туралы» заңына және басқаларына түзетулер енгізу ұсынылып отыр. Оның аясында мемлекеттік қызметшілердің дербес жауапкершілігі айқындалмақ. Билік органдары жұмысты жоспарлау және іске асыру кезінде жобалық басқаруды пайдалануға міндеттеледі.

Жобалау персоналын басқару жүйесі құрылады. Мемлекеттік органдарға өз қызметкерлерін «матрицалық құрылымдарға» – жобаларда жұмыс істеуге жолдауға, ал меморгандрдың жобалау кеңселеріне өз мамандарын – Ұлттық жобалау кеңсесінде жұмыс істеуге жіберуге мүмкіндік береді. Жобалық басқаруды қаржыландыру мәселесі шешіледі.

Жалпы, Мемлекеттік басқару академиясы арнайы оқыту курстарын әзірледі. Сертификатталған жаттықтырушы-кеңесшілер тобы дайындалды. Оқыту және сертификаттау 4 деңгейді қамтиды: жоба жетекшісі, бағдарлама жетекшісі, портфолио жетекшісі, жаттықтырушы-кеңесші. 2022 жылы орталық және жергілікті меморгандрдың 632 мемлекеттік қызметшісі оқытылды. Оның 473-і «Жобаларды басқаруды» сертификаттау емтиханынан сәтті өтті.

Жобалық басқару туралы сауат ашу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне арнап оқыту семинарлары өткізіледі. Мәселен, 2022 жылы семинарға 800 мемлекеттік қызметші қатысыпты.

Қазақстанның мемлекеттік басқару жүйесін жобалық басқаруға толық көшіру 2025 жылға жоспарланады. Яғни, бұл істе де билік шабандық танытуда. Ары қарай не болатыны белгісіз. Бәлкім, сонда жана Үкімет жана бір ермекті табар? Егер билік бұл іске шын ниетімен кіріссе, онда республикамыз дамыған елдерге біртәбан жақындай түсуі мүмкін.

# САҒЫҢ СЫНБАСЫҢ, САНДУҒАШ!

Барлық деңгейдегі билік өкілдері журналистерді әрқашан құрметтеп, санасып жүретін Жетісу жерінде БАҚ өкілдерінің ғана емес, қалың бұқараның көңіліне қаяу түсірген оқыс оқиға тіркелді. Есімі бүкіл республиканың жұртшылығына әділдік жолындағы күрескерлігімен, қарапайым халықтың жоғын жоқтап, мұның мұндап жүретін мінезімен танылған нағыз жауынгер журналист Сандуғаш Дүйсенованы біраз уақытқа да болса қамап, уақытша оқшаулау барысында ар-намысына нұсқан келтірер қадамдарға барған полиция қызметкерлерінің әрекеті әлеуметтің наразылығын тудырды.

Дәл осындай шектен шыққан жағдай тіркеліп жатқанды өздерінің кейбір қоғамдық пікірге өзек болар жұмыстарын көпшілікке жеткізуге келгенде, тезірек жариялауда сол Сандуғашқа жүгінетін прокуратура, сот сынды құқық қорғау органдарының қайда қарап қалғанын, неге жұмған аузын ашапғанын әлі түсіне алмай отырмыз. Басына іс түскенде, жанайқайын ешқандай тыңдата алмағанда, Сандуғашты іздейтіндердің де бастапқы кезде ізім-қайым болып кеткені көңілімізді қынжылтты. Тек жергілікті журналистердің шағын тобы дабыл қаққаннан соң барып, жағдай оналғандай болғаны рас. Мұнда да БАҚ өкілдерінің негізгі тобы жоғары жақтан соғар желдің бағытын өзгертер шақты күтіп, аңысын аңдыды. Соған қарағанда, «журналистік ынтымақтастық», «журналистік бауырластық», «журналистік достық» деген сөздерден де салмақ қашып, қалір калмағандай...

Менің түйсігім алдамаса, бұл сорақылық – Сандуғаштың сағын сындырып, үнін шығармау жолында біраз уақыт ойластырылып барып жасалған, жоспарланған қастандық. Көктемде Мәжіліс депутаттығынан үміткер ретінде тіркелгенде және жұрттың көңілін өзін аударар алғанда осындай қадамдар жасалған еді. Одан кейін бірер ай бұрын ғана әлеуметтік желілерде журналиске қатысты жағымсыз дүниелер жарияланып, біраз әңгіме болған. Қалай болғанда да, дәл қазір аса ауқымды қоғамдық пікірге өзек болып, жұртты алаңдатып отырған жағдайдың ақ-қарасын ажыратуды, халыққа дұрыс-бұрысын жеткізуді тиісті құзырлы ұйымдардың қарауына қалдырайық.

Менің айтамын Сандуғаш Дүйсенованы күнделікті тірліктегі, отбасын-



Елпәр ҚАБА (қолдағ)

дағы бейнесі, журналист ретіндегі беделі мен биігі, шындық жолында ештеден тайсалмайтын қайсарлығы жайлы болмақ. Төмендегілердің барлығы менің өзімнің жеке түйгенім екенін де ескерте кеткенді жөн көріп отырмын.

2001 жылы Алматы облысының орталығы Талдықорған қаласына ауыстырылды. Өздерінің білетіндей, 1997 жылы еліміздегі бірқатар облыс пен ауданды ықшамдау барысында тарқатылған аймақтардың бірі Талдықорған облысы болатын. Соған кейін қаланың қараусыз, иесіз қалғанын көрдік, іссапарға жиі келетінбіз. Ол кезде Сандуғаш қатты танымал емес, қалалық газетте, телеарнада шапқылап жүретін. Жұмыс барысында жолығып қалатынбыз. 2002 жылы біз Талдықорғанға көшіп келгеннен кейін жиі араласа бастадық. Ал 2004 жылы «Айқын» және «Литер» газеттері ашылғанда, Алматы облысы бойынша тілшілікке таңдау екеумізге түсті. Содан бері журналистік міндетті қатар атқарып келеміз. Соңғы жылдары «Время» газетінің тілшісі ретінде небір «шулы» мақаласымен ел арасындағы беделі барынша артты.

Сан рет сапарға бірге шықтық, жолда да қалдық, күні бойы нәр татпай жүрген кездер де болды. Басымызды қатерге тігіп, «Қорғас» келеніндегі былық-шылықтарды қаншама рет жаздық. Шығыстағы шекарада орналасқан, жолы қиымат-қайым болған Достық стансасында да бірнеше рет барып, ол жақтың көзден тасар, көңілден тысқары жатқан проблемаларын көтердік. Ұйғыр ауданындағы шиеліністі жағдайларды жұртқа жеткіздік. Облыстағы былық-шылықты, жемқорлықты, кемшілікті, шектен шығуды сан мәрте қаузадық. Кейде

сонымыз үшін өңірдегі жоғары басшылықтың алдына да барып, терлеуге тура келгенін де жасырып қалмаймын. Бірақ ешқандай, ешбір денгейде дәл мынандай қорқыту-үркіту болып көрмеді. Өзіміз өмір сүріп отырған ортаның бақуаттылығы, әділдігі мен теңдігі біз үшін қажет екенін түсінетін жандар көп еді ол кезде. Біздің қара басымыздың қамын емес, жалпақ жұрттың жайын ойлайтынымызды мойындайтын.

Біраз жыл бұрын облысты басқарып отырған бір ағамыз: «Кемшілік жоқ емес, бар, көп. Соны бірлесу түзеп, реттеу үшін, бүкіл республикаға жариялаудан бұрын алдымен маған келіндер, қалай шешудің жолын бірлесу отырып, ақылдасайық та?!» Содан кейін болмай жатса, көрерміз. Жоқ дей берсек жоғаламыз, бар дей берсек оңаламыз. Облыстың абыройы бізге ортақ қой» дейтін. Кез келген мәселені, түсінбестікті тарқатуға болады ғой. 30 жыл осы облыста журналистік қызметте жүріп, БАҚ өкіліне қатысты дәл осы жолғы Сандуғашқа қарсы қолданылып отырған шектен шыққан жағдайды естімпенін де, көрмедім де.

Басқа басқа, коронавирус жағадан алып, жұртшылық не істерін білмей дағдарып қалғанда еріктілердің басын біріктіріп, қарапайым халыққа нақты көмек ұйымдастырғанын ел ұмыта қойған жоқ. Халықтың қайда барарын білмей отырғанын жазды, жариялады, көрсетті. 2022 жылдың қасіретті қаңтарында Талдықорған мүлде қараусыз, қорғаныссыз қалып, қаланың орталығында ойран-топыр болып жатқанда дәл осы Сандуғаш сол қауіпті оқиғалардың бел ортасында жүріп, бей-берекетсіздік пен бақылаудың жоғын пайдаланып, тонауға кіріскендерді тоқтатқан-

дардың көш басында болғанын, қаланың кіреберісінде тұрып Мемлекет басшысына бірнеше бейнеүндеу жариялағанын бәріміз білеміз. Егер Талдықорғандағы орталық алаңда тұрған ескерткіштің құлатылғанын суретке түсіріп үлгермесе, әлем жұртшылығы Қазақстанда ескі дәуірдің аяқталып, жаңа дәуірдің басталғанын білмес еді.

Жетісулық журналистер өңірдегі барды бар, жоқты жоқ деп жазатын, көзі көрген, куә болған сорақылықтардың қанын сорғалатып жұртқа жеткізетін, шындық жолында ешкімнің лауазымына, бет-беделіне қарамайтын бірден-бір журналист Сандуғаш Дүйсенова екенін мойындайтын анық. Сандуғашқа бұған дейін де бірнеше рет «ескерту» жасалған болатын. Облыстық әкімдікте жиналыста отырғанында көлігінің дөңгелектерін тілгілеп кеткен. Одан кейін машинасының астына «тыңдағыш» құрал орнатылғаны анықталған еді. Пәтерінің есігін бүлдірген болатын. Ал былайғы ұсақ-түйек кокаш-лоқылар – өз алдына бір төбе. Солардың ешқайсысына бой бермей, өзінің журналистік міндетіне адалдықтан айнымаған әріптесімздің қазіргі жағдайы барлығымыздың жүрегімізді ауыртады. Кісі өлтіріп ұзақ жылға сотталған жанның ЖСН-ін жариялады деп кінәлаудың өзі ақылға сыймайды. Дәл осындай бидан шығарылған айыптау арқылы екі баланың анасын, немелердің әжесін кәнігі қылмыскер сынды жалаңаш суретке түсіріп, қамауға алу деген мүлде шектен шыққандық екені дау тудырмауға тиісті. Қаламын қару еткен журналистке осыныша қысым жасағандар байқаусызда жаза басып қалған қарапайым адамға не істемейді деген сауал да мазалайды.

# ҚҰС САҢҒЫРЫҒЫ ДА ҚАЖЕТКЕ ЖАРАЙДЫ

Әлемде қазір органикалық дүниеге көп көңіл бөлініп жатыр. Мұны күнделікті ақпараттан-ақ анық аңғарып отырымыз. Әсіресе, ауыл шаруашылығы саласы органикалық қалдықтарды тиімді пайдаланудың тың тәсілдерін көрсетіп отыр. Тың тәсілдің басым көпшілігі қайта өңдеу саласына тиесілі. Ал құс шаруашылығы саласында құс саңғырығын өңдеп біршама пайда тауып отырған отандық кәсіпкерлер де жоқ емес. Құс шаруашылығына арналған фабрикалардан шығарылатын мыңдаған тонна қалдықты қайта өңдесек, біз де дамыған елдердегідей қоршаған ортаға да, өзімізге де пайда әкелеріміз анық.

Қазір қоғамда құс өсіріп пайдалау кенелуі туралы сан алуан пікір бар. Тіпті, түрлі әлеуметтік желіде құс өсірудің жолдарын үйрететін видеолар да шығып жатыр. Сарапталып-сұрыпталмаған ақпаратқа сеніп қалып, қыруар ақшасынан айырылып, шығынға батып жүргендер де аз емес. Әрине, құс шаруашылығын жүйелі түрде жолға қойып, кәсібін дөңгелетіп жүрген кәсіпкерлер де бар. Осы қанаттыларды өсіріп табыс табу былай тұрсын, олардың шығатын биологиялық қалдық, саңғырықты қалай жаратып, қалтасын томпайтып жүрген кәсіпкерлер біршама оң бастама көтеріп жүр.

Мамандардың арнайы жүргізген есептері негізінде бір жылда ер тауықтан 6-7 келі, үйректен 7-9 келі, қаздан 10-12 келі саңғырық жиналады екен. Бағамдасақ, болмашы ғана дүние құсап көрінгенмен, ірі құс фабрикаларында бұл көрсеткіштің күніне ең аз дегенде 10 тоннадан асып кететінін көруге болады. Елімізде мұндай құс фабрикаларының шығарылған көң осы күні құс фабрикаларының жанындағы полигондарда тау-төбе болып үйіліп жатыр. Ал жол бойында орналасқан осындай алып құс шаруашылықтарының жанынан өтсек, еріксіз мұрнымызды басатынымыз рас. Қолқаны қабатын жағымсыз иіс сол фабрика маңында еш өңдеусіз үйіліп жылдар бойы жатқан құс саңғырығынан шығады. Сондықтан құс саңғырығын қайта өңдеп, егіншілік пен өсімдік шаруашылығы үшін дайын биологиялық тынайтықшы шығару әлемде кенінен қолданыла бастады.

Қазір Қазақстанда 69 ірі құс шаруашылығы жұмыс істеп тұр. Осы шаруашылықтардың әрқайсысының күніне шамамен 10 тоннадан астам қалдық шығарылатын болса, еліміз бойынша күн сайын 690 тонна саңғырық таулары пайда болып жатқаны белгілі. Ал бұған ұсақ-түйек құс шаруашылықтарын қоссақ, сан тағы еселеп өсе түсетіні белгілі. Ғалымдардың айтуынша, қазір отандық құс фабрикаларында жинақталып қалған құс көні көрсетілген межелден асып кеткен. Бұл Қазақстан үшін өзекті мәселеге айналған. Мысалы, бір келі құс етін өндіру үшін орташа есеппен 3,4 келі саңғырық шығарылады екен. Оны қауіптіліктің В классына (+) жатқызады, құрамында инфекциялық ауруларды қоздырғыштар, гельминт дер-

нәсілдері бар мұндай көң экология үшін аса зиян болып отыр. Өңделмеген құс көніндегі несеп қышқалы түріндегі азот жылдам ыдырап, аммиак түзіп, топырақты бүлдіріп жібереді екен. Бұл туралы биология ғылымдарының докторы, профессор Айнаш Науанова айтып отыр.

Осы тұста Қазақстан құс өсірушілер одағының президенті Руслан Исмаиұлына «отандық құс өсіруші шаруашылықтар құс саңғырығын қайта өңдеу бойынша қандай мүмкіндіктері пайдаланып отыр?» деген сауал жолдаған болатынбыз.

«Бүгінде саңғырық өңдеу құс фабрикаларының көбінде жүргізілмейді. Өйткені бұл шара шаруашылықтар үшін өте қымбатқа түседі. Сондықтан кейбіреулері жай ғана сақтап, содан кейін егістікке шаруа қожалықтарына апаралы. Қазір Ауыл шаруашылығы министрлігі инвестицияларды субсидиялау ережесін әзірледі, онда «Өнімділігі 50 тонна тәулігіне құс саңғырығын өңдеуге арналған машиналар мен жабдықтарды алу» паспорты қарастырылған. Инвестицияларды өтеу үлесі 25%-ды құрайды. Бірақ, өкінішке қарай, бірдей қолжетімді емес және инвестициялық субсидияларды бәрі бірдей пайдалана бермейді. Өйткені жана жабдық мемлекеттік органдар ұсынғаннан әлдеқайда қымбат», — деп жауап берді одақ басшысы.

Биология ғылымдарының кандидаты Рая Садуақасқызының пікірінше, құс саңғырығын қайта өңдеу жұмысы — экологиядағы ең өзекті мәселенің бірі.

«Биологиялық егіншілікте органикалық тынайтықшы ретінде құс саңғырығын қалай жаратудың болашағы зор. Құс саңғырығын өңдеу біршама ғылыми және материалдық ізденістерді талап етеді. Құс саңғырығын құс фабрикасының жанына жинап сақтау, сол аумақтағы жерасты сулары мен атмосфераны ластайды, алайда құс саңғырығын жерге жоғары дозда енгізе (300 м3/гектар артық), егін дақылдарының құрамында нитраттың көп мөлшерде жиналуына алып келеді», — дейді ғалым.

Астанадағы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің жанында ВІО-КАТУ ЖШС деген атпен құс саңғырығын қайта өңдеуге арналған заманауи микроорганизмдер биотехно-



логиялық орталығы жұмыс істеп тұр. Орталықтың жетекшісі биология ғылымдарының докторы, профессор Айнаш Науанова ғылыми өндірістік орталық қазір биопрепараттарды шығарып жатқанын жеткізді. Орталықтан шығарылған биопрепараттар — құс саңғырығы мен көнін қайта өңдеп органикалық тынайтықшы жасауға таптырмас дүние.

«Біз 1 айда 5000 литрге дейін препарат дайындап жатырмыз. Егер сұраныс ұлғайса, өнімдімізді молайтуға қауқарымыз жетеді. Бізден еліміздегі құс шаруашылықтарының бірнешеуі препарат сатып алып құс саңғырығын өңдеу үстінде. Олар көбіне өз егін шаруашылығы саласындағы алқаптары үшін алып отыр. Өңделген көң топырақтағы құнарлылықты 2 есеге дейін арттырады. Органикалық тынайтықшыпен өңделген жерлерден алынатын өнім 20-50 пайызға дейін артады. Тынайған жерден алынатын өнім де, оның сапасы да өте жоғары болады. Бұл жерде ешқандай химия жоқ таза табиғи дүние. Оннан астам адамды жұмыспен қамтып қана қоймай, жоғары жалақымен қоса біршама пайда тауып отырмыз. Әрине, мамандардың білікті болғаны өте маңызды. Бір сөзбен айтқанда, құс саңғырығы біз үшін алтынмен тең», — дейді Айнаш Науанова.

Дамыған елдерде құс фабрикалары өдерінен шығарылған қалдықтарды өңдемейтін болса, мемлекет экологияны ластағаны үшін шаруашылыққа көлемді түрде айыппұл салып, ары қарай жұмыс істеуге мүмкіндік бермей қояды. Бірақ біздің елде мұндай қағида болмай отыр. Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми мәліметі бойынша, Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығымен бекітілген инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шектен шығаратын бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары аясында тәулігіне 50

Қазір әлеуметтік желілерде талқыланып жатқан басты тақырыпқа айналған журналист Сандуғаш Дүйсенованың ұсталғаны және уақытша оқшаулау кезінде оның құқығы бұзылғаны туралы Жетісу облыстық Полиция департаментіне хабарласқанымызда ондағылар төмендегідей жауап қайтарды:

«11 тамызда соттың санкциясымен сотқа дейінгі тергеп-тексеру аясында аз. Д-ға қатысты жеке тінту жүргізілгенін хабарлаймыз.

Жеке тінту рәсімі тергеуші, криминалистер және екі куәгердің қатысуымен (барлығы тілгілен адаммен бір жынысты) Қылмыстық-процестік кодекстің талаптарына сәйкес жүзеге асырылды.

Осы тергеу әрекетін жүргізу кезінде ғылыми-техникалық құралдарды (бейнекамера) қолдану міндетті және ҚПК-мен реттеледі.

Аз. Д-ны жеке тінту нәтижесінде тыйым салынған заттар табылған жоқ».

Ал Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі оқиға болған сәттен ішкі істер органдарына хабарласып, мәселені мән-жайын бақылауға алғаны хабарлады.

«Журналист Сандуғаш Дүйсенованың ұсталғаны расталды. Жетісу облыстық Полиция департаментінің мәліметінше, Сандуғаш Талдықорғанда жеке өмір мәліметтерін тарату туралы арыз бойынша ұсталып, ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолжазба ұшығарылған. Қазір тергеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Министрлік мәселені назарда ұстайды және журналиске қандай да құқықтық көмек көрсетуге дайын», — деп жазды министрліктің баспасөз хатшысы Нұрбек Амишба Facebook желісінде.

Журналистің кісі өлтірушіні табуға көмектесу мақсатында өзінің Instagram желісінде оның ЖСН-ін жариялауы басты айып болып тағылып отыр. Адам өлтіргені үшін сотталған жан дәл сол үшін арыз жазған және онысында дәл сол ЖСН үшін балаларымен кеттепте бұлғалық ұшырағандарын келтірген. Алайда жергілікті тұрғындар кісі өлтірген азаматтың отбасы оң ұстала салысымен, ауылдан көшіп кеткенін айтады.

«Балаларының барлығы кішкентай. Біреуі 9-сыныпта оқиды. Бірақ әкелері қалмағысымен, екі күннен кейін көшіп кеткен», — дейді сотталған азаматтың ауылдасы Сәулет Әмишба. Демек, журналиске тағылған айыптың орынды, орынсыз екенін анықтау қажет. Ал құқық қорғаушылардың өрескел әрекеті тергеудің әділ өтеріне күмән тудырып тұр. Мұндай әрекеттерді Қазақстандағы реформаларға қарсы топтардың ісі ме деген де күдігіміз бар.

Болат АБАҒАН,  
Жетісу облысы

айналысып көріп жатыр. Бірақ түйінді шешуге шамасы жетпей жатқаны анық.

Қазақстан құс өсірушілер одағы құс саңғырығын өнеркәсіптік жағдайда пайдалану үшін біршама ұсыныс бергені бар. Айталық, бұршақ өнімі үшін — 1 гектарға 300-ден 800 келіге дейін, қара бидай, бидай сияқты күздік дәнді дақылдар үшін — 1 гектарға 500 келіден 1 тоннаға дейін, жаздық дәнді дақылдар үшін, мысалы сұлы, арпаға — 1 гектарға 1 тоннадан 2 тоннаға дейін, жүгері мен құнбағыз үшін — 1 гектарға 600 келіден 2 тоннаға дейін құс саңғырығын тынайтықшы ретінде енгізуге болады.

Сөбіз, пияз, қызылша, картоп, қырыққабат, тағы басқа көкөніс түрлерін өсіретін алқаптың әр гектарына 2 тоннадан 3 тоннаға дейін енгізуге болады екен. Қарап тұрсақ, онша көп дүние емес. Екінші жағынан экономикалық жағынан тиімді. Кез келген құс шаруашылығының жанындағы саңғырықты алып белгілі бір технология арқылы өңдеп, алқаптарға шашып тастасаң болғаны.

«Биопрепарат топырақтың құрылымын жақсартады, жаңғыртады. Химиялық тынайтықшытар топырақтың биологиялық белсенділігін төмендетеді. Тың әдіс ерекше тиімді. Біз бірнеше жыл арнайы тәжірибе жүргізіп нәтижесін көрдік. Бидай мен бұршақтың егістігіне көктемде енгіздік. Тынайтықшы енгізілген жерлерде өнімділік 2 есе ұлғайды. Бидай дәндерінің сапасы жақсарды. Енді полигонда 10 жыл бойы жиналған құс саңғырығынан біртіндеп құтыламыз», — дейді ғалым Рая Садуақасқызы.

Құс саңғырығын түріндегі органикалық тынайтықшыты қолдану танап-тұтыну-егістік схемасы бойынша «зат айналымын» жабуға мүмкіндік береді. Яғни, егінмен бірге алынған минералды қоректену элементтері органикалық тынайтықшытар түрінде топыраққа қайтарылады. Бұл тынайтықшыты енгізу өнімділіктің жоғарылауын қамтамасыз етеді, сонымен бірге топырақ құнарлылығын сақтайды және құс фабрикаларында құс саңғырығын қайта өңдеу мәселесін шешеді.

Осы тұста біз үнемі айтып жүретін қалдықсыз технологияның құс шаруашылығында да пайдаланып орасан екенін анық байқап отырмыз. Білуімізше, теңіз жағалауындағы кейбір елдің шаруалары теңіз жағасында құстар өте көп қонақтайтын мекендерге арнайы барып, жабайы құстардың саңғырығын жинап әкеліп, өңдейтін орындарға өткізіп, пайда табын көрінеді. Ал дайын жатқан құс саңғырығын жаппай қалай жерату біз үшін келешектің еншісінде болып тұрғанға ұқсайды.

Берлібек КАБАЙ



Тойған ІЗІМ, профессор:

## ЖАСТАРДЫҢ БИГЕ ДЕГЕН ТАЛҒАМЫ ЖОҒАРЫ

Қазақ хореографиясының тарихы тереңде жатыр. Осы би өнерін терминологиялық, ұлттық құндылық жағынан зерделеп жүргендер көп емес. Сол санаулылардың қатарында Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген әртісі, өнертану ғылымдарының кандидаты, профессор Тойған Ізім бар. Тойған ағайдың би саласы жайлы айтары көп. Біздің кейіпкерімізге қойған алғашқы сауалымыз балет өнеріне қатысты болды.

— Көпжылдық тәжірибеніз ретінде ерте жастан баланы балетке баулу ата-ана да, биші де негізгі ерекшеліктері қандай?

— Біріншіден, баланы кәсіби оқытушыға көрсетуі керек. Себебі көрінген балаға табиғи физиологиялық жағынан биге қабілет берілмеген болса, қиын болады. Сондықтан көп жағдайда ата-аналар қызығып, баланы бере береді. Ал балет дегеніміз — көп еңбекті талап ететін өнер. Оны кез келген бала көтере алмауы мүмкін. Келесі баланы жастайынан беруге тырысады. Сол себептен физиологиялық жаттығуларды көтере алмайтын балалар да болады. Ең негізгі ата-аналарға ескеретін дүние, баланы биге апармас бұрын оның бойында табиғаттан балетке деген қабілеті бар ма? Осыны анықтап алған дұрыс. Яғни, дененің иілгіштігі, пропорциясы, қаншалықты секіре алатыны да ескеріледі. Балет әртісінің басы үлкен болмауы, бетінің жалпақ болмауы секілді талаптарға сай болуы керек.

— Көптеген балет қойылымынан ұлттық болмыстың насихатталуын сирек көреміз. Қазақ балетінде тағы да қандай мәселелер бар?

— Абай атындағы Қазақ ұлттық академиялық опера және балет театрында 1970 жылдары әжептәуір жақсы көтеріліп, біраз ұлттық «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу», «Олжас Сүлейменовтің «Қыш кітабы» бойынша, «Ақсақ құлан», «Әлия», «Мәңгілік алау» секілді ұлттық нақыштағы балеттер дүниеге келген болатын. Өзіміздің композиторлардың дайындауында. Дегенмен сол біраз уақыт насихатталмай қойғаны рас. Ал Астана балет театры осы бағыт бойынша тыңғылықты іс атқарып жүр. Бишілеріміздің мүмкіндігі бар, орындау техникалары мықты. Бұл театрда «Сұлтан

Бейбарыс», «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу», «Жусан», «Әлем» деген әртүрлі бағытта балет көрсетіліп отырды. Яғни, ұлттық балет өнерін қолдана отырып, таза классикалық, қазіргі заманауи балетпен үйлестіріп жүр. Осы орайда біздің композиторлар балет жазуға аса құлықты емес. Ал бізге ең алдымен балет қоймас бұрын композитордың музыкасы керек.

— Сіздің жетекшілігіңізбен ашылған ғылыми зертхананың биді зерттеудегі ерекшелігі неде? Қандай зерттеу жасап, қандай нәтижелерге қол жеткіздіңіздер?

— Зертхананың ең бірінші алдына қойған міндеті — қазақ биінің қимыл терминологиясын қалпына келтіру. Үш жыл бойы мамандармен бірге отырып талқылап, ешқандай жаңадан дүние қоспай жасалған дүние. Бұрынғы биші ата-ағаларымыздың оқу-әдістемелерін негізге ала отырып зерттедік. Ол жұмысты бітіргеннен кейін республика бойынша семинар жасалып, барлық аймақтағы биші оқытушылармен әр бидің қимылын талқылады. Би қимылдарымен қоса, оның атауларын да ойластық. Осының бәрі де соңында кітап болып басылып шықты. Бүгінгі қазақ биін зерттеп жүрген ғалымдардың ой-пікірлерін де басып шығардық. Көптеген оқытушының өз еңбегін жариялауға мүмкіндігі болмай жатады. Сол тұрғыда олардың еңбектерімен 2022 жылдың аяғында монография басылып шықты. Оның дайындалып, жарыққа шығуына мұрындық болған біздің зертхана жұмыстары. Қазір бишілерді дайындайтын оқу орындары бар. Осы орайда «Қазақ биін ұстанудағы сабақ қалай дайындалады?» деген тақырыпта республикалық семинар өтті. Бұл бағыт бойынша бізде зертханада жұмыстар жалғаса береді. Бізде би саласындағы зерттеушілердің еңбектері жинақтаулы. Зертханамызда жастар тарихқа үнілін деген мақсатпен биші ата-ағаларымыздың өмірінен көрмелер ұйымдастырып отырамыз.

— Сіз осыдан 1 жыл бұрынғы бір сұхбатыңызда би сабақтарына сағат жетіспейді деліңіз. Бұл мәселе қазір шешілді ме?

— Иә, бұл өтірік емес. Орта білімді биден дайындайтын оқу орындарында осындай мәселе бар. Көптеген оқытушыда сағат жетіспейді. Бұл мәселені айтып келе жатқанымызға біраз болды,

қашан шешілетінін бір Құдай білсін. Ташкенттегі хореография училищесінде 6 күн бойы өзбек биі оқытылады екен. Бізде қазақ биі 2 күн ғана жүреді. Сосын қазақ биі мұрасын зерттеу деген пәннің ауқымы үлкен ғой. Оған да бір ғана семестр уақыт берген. Бұл мәселені шешуде біз табанды еңбек етіп келеміз. Ары қарай басшыларға тікелей байланысты. Жылда оқу бағдарламасы дайындалады, сол кезде кім факультетті басқарып отыр? Көп жағдайда солардың біліміне қатысты болады.

— Қазір бидің сарынына қаншалықты көңіліңіз толады? Жеке бишілердің өзін ашуына не жетіспейді?

— Жеке бишілердің өзін ашуына көңіл жетіспейді. Жылы алақан жетіспейді. Яғни, қолдау керек. Әйтпесе, мықты жеке бишілерді шығаруға болады. Олардың дайындығы бізден өте көп жоғары деңгейде. Қазіргі бидің сарынына көңілім толады. Себебі уақыт бір орында тұрған жоқ қой. Заман талабы да өзгереді. Соған байланысты жастардың би қойылымдарына көңілім толады. Бір ғана қорқыныш, бір-бірін қайталап кетпесе екен деген ой бар. Ал былай бүгінгі

бидің дамуына, қарқынына көңілім толады.

— Бүгінде жастар көше биі, корейлік к-поп бағытындағы секілді шетелден келген билерге әуес. Мұндай жастардың сұранысында қандай қауіп бар деп ойлайсыз?

— Қазіргі жастардың биге деген талғамында қауіп бар деп есептеймін. Жастардың жан-жақты болып өсуінде, дамуында қандай да бір өнер түрі болсын болашақта зиян болмайды. Себебі жастардың білімінің, өзінің жан-жақты дамуының бір себебі дегенді білдіреді. Кейін өсе келе біздің заманда осындай би болды деп айта алатын жастар қатары болады.

— Әлеуметтік желіде «Қара жорға» қазақтың биі емес деген пікірталас болды. Бұған қатысты ойыңыз қандай?

— «Қара жорға» қазақтың биі емес деген әңгіме айтылған жоқ. Көбі «Қара жорға» қазақтың буын биі деп атады. Көпшілік арасында солтүстік жақта көп билей бермейді, ал оңтүстік жақта сақталып қалған буын биі болатын. 1987 жылы Өзбекәлі Жәнібек ағамыз Нарынқолдан екі жігіт алып, буын биін түсіріп, архивке салып қойған болатын. Жұртшылық билеп жүрген буын биі. Бізде қандастарымыз «Қара жорға» деп атауды ұсынды. «Қара жорға» дегенге келіспедік. Себебі бізде қара жорға дегеннің өзі жылқыға байланысты естіледі. Қазақ биінде түрлі шабыс биі бар. Мысалы, ытқыма шабу, дүрсілдете шабу, сүйретпелі шабыс секілді түрлері бар. Қандастарымыз әкелген «қара жорға» бинде өздеріңіз көріп жүргендей, адамның буындары, денесі билейді. Сондықтан бүгінде бәріміз келісімге келіп, буын биі деп атап жүрміз.

— Халықтың тойдағы биіне қалай қарайсыз?

— Тойдағы би де өнер. Адам өзінің ішкі эмоциясын шығаруға дайын тұрады. Сондықтан қандай халықтың биі болмасын, билесе дене қозғалысының өзі би. Біз ол жерде тойда кәсіби биді талап етуге құқығымыз жоқ. Сондықтан қандай адам болмасын өзінің биде эмоциясын, сол жердегі жағдайын қалай бимен көрсетемін десе де өз еркі.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Жанель ҚҰТТЫБАЙ

## АБАЙ НАМЫСШЫЛ ҚОҒАМДЫ АҢСАҒАН



Биыл ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлының 178 жылдық мерейтойы. «Халқымыздың руханиятын әлемге танытатын теңдесі жоқ құндылық қайсы десен, кімді еске түсіреміз?» Әрине, Абай мұраларын. Абай мұралары күннен күнге заманына қарамастан, адамын таңдамастан өміршеңдігін жалғастыруда. Әсіресе, қазір Әділетті Қазақстанды құру жолында оның әділдік, адалдық, адамгершілік идеяларына негізделген тағылымы мол шығармашылығы, яки қазақ әдебиетінің жауһары әр отаншыл, елшіл азаматтың санасына ой салады.

Кеше ғана мемлекет және қоғам қайраткері Дархан Мынбайдың әлеуметтік желіде жарияланған Абай туралы жазбасына пікірімді білдірген болатынмын. «Менің ойымша, біз Абайдың қадіріне әлі жете қойған жоқпыз. Абайдың ойшылдығын ұғыну үшін қара сөздерін терең үніліп оқу керек. Бір рет сырғытып

“

Абай мұрасы — ұрпаққа азық, бүкіл қазақтың мәртебесі. Абай еңбектері — ұлттық жазба әдебиетінің ғылыми жауһары. Идеологиядан айырылып қалдық деп қынжыламыз, нағыз идеологияның көкесі Абайдың қаламында жатыр.

оқып, жаттап алу еш нәтиже бермейді. Қайта-қайта оқығанда ғана ойға ой түйіседі. Сонда ғана Сіз айтқандай «Мен Абай мұрасынан не алдым? Енді еліме, халқыма не беремін?» деген сұраққа жауап табылады. Абай ойлары тереңде жатыр» деп жаздым. Шынында да, кім қандай үлес қосты? Абайды қалай дәріптеп жатырмыз? Өз үлесінің қаншалықты маңызды екенін әр азамат ұғынса екен.

2009 жылы сол кездегі партиямыздың хатшысы Ерлан Кариннің қатысуымен Семей қаласында патриоттар форумы өтті. Облыстан 15 азамат қатысты. Біздің делегация поңызбен Алматы арқылы жеттік. Түскеніміз сол еді күтіп алушылар: «Бірден Абайдың басына барасыздар ма, әлде тамақтануға ма?» деп сұрады. Форумға қатысу іссапардың басты мақсаты болғандықтан, түпкі ойым ұлы Абайдың басына бару. Мен бірден «Абайдың басына барамын» делім. Қасымда әріптесім Марина Лимаренко бар. Журналист болған соң оған да көру, Абай туралы барлық мәліметті білу маңызды шығар деп ойлады. Ал менде Абайдың Жидебайдағы басына барып, қабірінің топырағын уыстасам, тұтынған заттарын бір ұстасам, ұлт хакімінің рухымен бір қауышсам деген арман бар еді. Күн ыстық. Автобуста кондиционер жоқ. Өзге облыстың азаматтары да бірге келеді. Жол ойлы-қырлы, қара топырағы шығып жатыр. Кей жерлерде қиыршық тас, кей жерлерде ғана асфальт, онда да асфальт емес, әйтеуір соған ұқсас бірденені ескі автобустың дөңгелегімен аямастан жаншып келеміз. Жол бойында «Бұл елдің оқыған азаматтары қайда қарайды екен? Абай ауылының жолдары осындай болса, онда басқаны қайдам?» деп іштей қынжылдым. Бір уақыттары жеттік-ау. Ме-

мориал керемет екен. «Абай мен Шәкәрімнің басқан іздері түскен қасиетті топырақ қой» деп сарғыш тарта бастаған даланың ерке шөптерінің басын сипаладым. Семей топырағынан шыққан Алаш арыстары, ұлт зиялылары есіме түсті. Жидебайдың ауасымен тынысымды керіп дем алдым. Келгеніме қуандым. Еш шаршамадым. Абай, Шәкәрім рухына бас иіп, сәлем беріп іштей Құран оқыдым. Ұлт тұлғасына тағзым еттім. Абай мұражайындағы Абайдың кара мылтығының ағаш сабын сипалап, шүріппесін ұстап көрдім. Абай сөз мергені ғана болмағанына көзім жеткендей. «Абайды ұрпақтан-ұрпаққа бүкіл әлемге таныту үшін не істеу керек?» деген ой мазалады. Алла бұйыртып немерелі болсам, Абай әндерін немере қыздарыма орындатамын деп іштей армандадым. Семейден келе салып қызым Акеркенің скрипкадағы репертуарын қарасам, Абайдың «Көзімнің қарасын» Акерке өз қолымен нотаға түсіріпті. Бірден суретке түсіріп сақтап қойдым. Акерке қазір жоқ, мәңгілік мекеніне аттанғалы да жеті жылға таяп қалды. Өзің жоқсың Ақгүлім, бірақ саусағыңның іздері, алақаныңның табы ақ қағазда қалыпты. Абай данышпан атанның қадіріне сен ертерек жетіпсің, «Көзімнің қарасын» нотаға түсіріп елге таратып үлгеріпсің. Терең ойлай алған елжанды алтыным-ай... Қолымда сарғайған ноталар — құлағымда жанды әуен болып ойнап жатты.

Патриоттар форумы өткен жылы алғашқы немерем Айша дүниеге келген еді. Оны жастайынан флейтаға бердік. Биыл флейта мектебін өте жақсы бағаға бітірді. Флейтаны үйрететін жөнді бір қазақ қызын таба алмай орыс апайдың сыныбында оқуға тура келді. Абайдың әндерін алғашқы концерттерінде-ақ орындай бастады. Сүйсініп тындаймын. Ұрпағым Абайды дәріптеудің бір шетін аз да болса көрсетуге тырысып бақтым. Қиналсам, мұңайсам, Абайдың қара сөздерінен жауап іздеймін. Терең де тұнғық таза философия Абайдың көкірегінен кернеп шығып, қазақ санасына қозға салыпты. Әлі күнге дейін өміршеңдігі мәңгілік екенін дәлелдеп келеді.

Абайы бар барша қазақ бақыттымыз. Абайы бар дейтінім Абай мұрасы — ұрпаққа азық, бүкіл қазақтың мәртебесі. Абай еңбектері — ұлттық жазба әдебиетінің ғылыми жауһары. Идеологиядан айырылып қалдық деп қынжыламыз, нағыз идеологияның көкесі Абайдың қаламында жатыр. Неге біз алыстан іздейміз? Өйткені, әлем таныған Абайдың қадірін әлі толық біле алған жоқпыз. Дегенмен де серпіліс бар. Ұлы ақынның қазақтың бойындағы кемшілігін айта отырып, санасына қозғау салуы, озық мәдениетке жетелеуі — ұрпаққа қалдырған ұлттық тәрбиенің ғылыми негізі, ескірмейтін өшпес мұра. Сонау он төрт жыл бұрын ішімде бұғып, қысылып, тұншығып қалған дүниенің сыртқа шығуына Дархан Мынбайдың жазбасы себеп болды. Киелі жерге киелі атау беріліп, иесін тапқан Абай облысы рухтана түссе, ұлы Абай рухы шаттана түсті. Бұл көзіміздің ашыла бастағанын білдіреді, ары қарай дамыту көптің ісі. Сол он төрт жыл бұрынғы май топырағы шығып жатқан ойдым-ойдым жолдар әлдеқашан жөнделген болар.

Абай іліміне үнілсеңіз ұлттық намысты жетілдіру — басты мәселе. Абай намысты қоғамды аңсайды. Ұлы ойшыл Абайдың мұрасын дәріптеу, қастерлеу, ұрпақтан-ұрпаққа таратуға үлес қосу баршамызға аманат. Өйткені ұлы Абай, ол — қазақтың Абайы.

Қалыйма ЖАНТӨРЕЕВА,  
«AMANAT» партиясы Түркістан облысы филиалы атқарушы хатшысының орынбасары,  
Түркістан облыстық мәслихатының депутаты

# ӨНІР ӨНДІРІСІН ӨРІСТЕТКЕН ЖОБАЛАР

Жамбыл облысы – қай кезде де өндірісімен танылған өлке. Аймақ асыраушы саладан бөлек, кәсіпкерлік бағыттағы инвестициялық жобаларымен де өрісін өрістетуде. Жыл өткен сайын инвесторлардың аймаққа деген қызығушылығы артып жатса, жаңа кәсіпорындардың саны күн санап көбеюде. Міне, сондай инвестициялық жобаның бірі қазыналы Қаратаудың бөктерінде орналасқан Талас ауданында жанданды.

Саятхан Сатылған

## ЕЛІМІЗДЕ ТЕНДЕСІ ЖОҚ TALAS INVESTMENT COMPANY

Жалпы Talas Investment Company ЖШС 2014 жылы іске қосылған болатын. Кәсіпорын алтын өндіру бағыты бойынша елімізде баламасы жоқ өндіріс орны саналады. Зауыт соңғы алты айдың қорытындысы бойынша 5 688 тонна цианид натрий және 2 375 тонна сульфат аммоний өндірген. Бұл қоспалар алтынды тастан ажырату кезінде пайдаланылатын тендесіз қышқыл саналады. Мұндай химиялық қоспаны өзге өңір түгілі, Орта Азиядағы елдер өндіре алмайтындықтан зауыт өніміне деген сұраныс жоғары. Қазір зауыт жылына 15 000 тонна натрий цианидін өндіруге қауқарлы. Кәсіпорын 557 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Компания Ресей Федерациясы мен Орта Азиядағы Моңғолия, Тәжікстан, Қырғызстан сынды мемлекеттерге өндірген өнімінің 30-40 пайызын экспорттайды. Кейінгі жылдары химиялық қоспаға сұраныстың артуына байланысты кәсіпорын енді зауыттың екінші кезеңін құрылысын бастап отыр. Құрылыс жұмыстары толықтай аяқталғанда кәсіпорын цианид натрийдің өндірісін 15,0 мың тоннадан 30,0 мың тоннаға дейін арттырады деп күтілуде.

Міне, осындай ауқымды жобаның екінші кезеңінің салтанатты түрде қапсула салу рәсіміне Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Қанатбек Мәдібек, Талас ауданының әкімі Нұрбол Жүнісбеков, Talas Investment Company ЖШС-ның негізгі акционері Серікжан Сейітжанов және Talas Investment Company ЖШС-ның басқарушы директоры Бахтияр Алдашев қатысып, кәсіпорын жұмысына сәттілік тіледі.

Ал жалпы бүгінге инвестиция көлемі 25,8 млрд теңгені құраса, зауыттың екінші кезеңі



«ЕвроХим» компаниясы ауқымды инвестициялық жобаның бірінші кезеңін іске асырып, тау-кен кешені негізінде жылына 660 мың тоннаға дейін фосфорит өндіруді жолға қойып отыр. Сондай-ақ қуаттылығы жылына 640 мың тонна орташа ұсақтау және ұсақ ұнтақтау торабын салған. Инвестиция сомасы 126 млн долларды құрайды.

Екінші кезеңде минералды тыңайтқыштар өндіретін химиялық кешеннің құрылысы басталды. Жоба қуаттылығы жылына кемінде бір миллион тонна өнім өндіруге негізделіп отыр. Екінші кезеңді іске асыру миллиард доллардан астам шетелдік инвестицияларды тартуға, 1 200 жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

Премьер-Министр Үкіметтің химия өнеркәсібіндегі жобаларды жүзеге асыруға үлкен көңіл бөліп отырғанын, сондықтан жаңа зауыттың облыстың ғана емес, жалпы республиканың дамуы үшін маңызды екенін баса айтты.

— Бұл жобаны іске қосу ауыл шаруашылығы саласының қажетті минералды тыңайтқыштарға деген сұранысын тиісті деңгейде қамтамасыз етеді және қосымша жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан ішкі және сыртқы нарықта сұранысқа ие өнімді тезірек шығару үшін зауытты жоспарға сай іске қосудың маңызы зор, — деді Әлихан Смайылов.

Ессапар барысында Үкімет басшысына «ЕвроХим» және «ШУ» автоматтандырылған газ тарату стансаларының да құрылысы таныстырылды. Жоба Сарысу мен Шу аудандарының

Сондай-ақ елімізде бірінші болып сода өндірісін қолға алған Yildirim Holding түрік компаниясының еншілес кәсіпорны QazaqSoda ЖШС-ның да жұмысы көз қуантуда. Кәсіпорын 2025 жылы іске қосылады деп күтілуде. Жобаның өндірістік қуаттылығы жылына 500 мың тонна. Болашақта өндіріс көлемін 1,2 миллион тоннаға дейін ұлғайту көзделуде. Қазір «Бизнес-жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында электр желілері тартылып, су құбырын салу, теміржол инфрақұрылымын жабдықтау жұмыстары жүргізілуде.

Жалпы биыл облыстың негізгі капиталына салынған инвестициялар көлемі 241,0 млрд теңгені құраса, өсім 15,9 пайызды дтітген. Ал жыл қорытындысы бойынша 572,2 млрд теңгеге дейін инвестиция тарту жоспарлануда. Биыл 491 жұмыс орнын аша отырып, жалпы сомасы 84,1 млрд теңгеге 18 инвестициялық жобаны іске асыру көзделуде. Ал 2027 жылға дейін 6 мың жаңа жұмыс орнын құрып, сомасы 3 трлн теңге болатын 60 инвестициялық жобаны іске асыру межеленуде. Бүгінге дейін өткен 38 инвестиция отырысында 95 жоба қаралып, 70 млрд теңге инвестиция тартылған.

## ТҮРІКТЕР ТЫНАЙТҚЫШ ЗАУЫТЫН САЛУҒА НИЕТТІ

Жамбыл облысында түркиялық ALARKO HOLDING компаниясы тынайтқыш зауытын салуға ниетті.

Компанияның вице-президенті Шахин Аббастын айтуынша, 1954 жылы негізі қаланған Alarko Holding Түркия еліндегі ортаарапандырылған іскерлік мүдделері бар танымал, жетекші өнеркәсіптік және инвестициялық конгломерат екен.

Компания құрылыс, энергетика, жылжымайтын мүлік, инфрақұрылым және өндіріс сияқты бірнеше салада жұмыс істеп келеді.

Жамбыл облысы сары фосфорға бай мекен болғандықтан инвесторлар аймақ аумағынан тынайтқыш зауытын салуға мүдделі. Түрік компаниясы ашық жердегі жылжымайтын кешендеріне, органикалық-минералды тынайтқыштар өндіру және тұқым шаруашылығы кәсіпорындарына шамамен 650 миллион доллар инвестиция салмақ.

Облыс әкімі Нұржан Нұржігітов өз кезегінде қазір агроөнеркәсіп саласына мемлекеттік қолдау шаралары мол екендігін, жергілікті билік те өз тарапынан барлық қажетті жағдайларды ұсынуға және жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екендіктерін жеткізді.

P.S.

Міне, бұл Жамбыл облысында жаңанып жатқан инвестициялық жобалардың бір легі. Бұдан бөлек те өңір өндірісін өрістетіп жатқан кәсіпорындар аз емес. Ең бастысы, ел экономикасына қаржы салуға ниетті инвесторлардың күн санап көбейіп жатқаны қуантады. Бұл егеменді еліміздің бүгінгі мен ертеңіне деген мол сенім екені анық. Мемлекет саясаты осы бағыттан таймай, инвестициялық жобалар арқылы жаңа жұмыс орындарын ашып, тұрғындардың тұрмысын түзей түседі деп сенеміз.

Жамбыл облысы

# ИНЖЕНЕРЛІК ЖЕЛІЛЕР ЖӨНДЕЛІП ЖАТЫР

Жалпы Батыс Қазақстан облысы бойынша биыл 1943 км инженерлік желіні жөндеу жоспарланған. Бүгінгі уақытта 1 мың км-ге жуық желі жөндеген. Бұл туралы орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында БҚО энергетика және ТҮКШБ басқарма басшысының орынбасары Қанат Өмірәлиев мәлімдеді.

«Қыс шанаңды жаз сайла» демекші, облыстағы коммуналдық мекемелер қысқа дайындықты жаздай жүргізіп жатыр. Үзілген электр сымдары жөнделіп, инженерлік желілер жанартылуда.

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте БҚО энергетика және ТҮКШБ басқарма басшысы-

20 млрд теңге қаржы бөлінді.

— Бұл ақшаға 2019,5 шақырым электр желілері мен жабдықты қайта құру жоспарлануда. 12 жобалық-сметалық құжаттама жасалып жатыр. Атап айтсақ, 2023 жылы — 6 млрд, 2024 жылы — 7 млрд, 2025 жылы — 7 млрд теңгеге электр желілеріне жөндеу және қайта құру жұмыстары



ның орынбасары Қанат Өмірәлиев аймақта жасалып жатқан жұмыстар туралы баяндады.

— Қазіргі уақытта электрмен жабдықтау бойынша 16 қосалқы станса, 976 км электр желісі, 78 кешенді трансформаторлық станса жөндеуден өтті. Ал жылмен жабдықтау бойынша 5,5 км жылу желілері жөндеді. Сондай-ақ инвестбағдарламамен 3,1 км сумен жабдықтау және суды әкету желілері жөндеді, — деді басқарма басшысының орынбасары Қанат Өмірәлиев.

Аймақтағы сумен жабдықтау және су бұру желілерін қайта жаңғыртуға бюджеттен 2,8 млрд теңге бөлінсе, «Жайық-ЖылуҚуат» акционерлік қоғамының негізгі жабдықтары 80 пайызға жөндеген.

Орал қаласының жылу электр орталығын жаңғырту мақсатында градирняны қайта құру жұмыстары аяқталып жатыр. Аймақ басшысы өзі арнайы барып, құрылысымен танысқаны есімде. Бүгінде мамандар осы градирняның арқасында Жайық өзенінен алынатын су көлемі азайғанын айтады. Бұрын «Жайық-ЖылуҚуат» мекемесіне қажетті техникалық су Жайық өзенінен алынып келген еді.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,  
Батыс Қазақстан облысы



іске қосылғанда тағы 300 адам жұмыспен қамтылады. Ал кәсіпорын 2025 жылы толықтай пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

## 60 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Өңірдегі ірі кәсіпорындар тағы бірі — «ЕвроХим Каратау» ЖШС. Аталған зауыттың жұмысымен облысқа іссапармен келген Премьер-Министр Әлихан Смайылов арнайы танысқан болатын.

32 елді мекенін, «ЕвроХим-Каратау» ЖШС-ның жаңа химиялық кешенін және Мойынқум ауданының 24 елді мекенін газбен қамтуға мүмкіндік береді.

Шу ауданында Әлихан Смайылов «Тараз химиялық паркі» арнайы экономикалық аймағын қызметін көзбен көрді. TAS Market ЖШС-ның кремний кластерін құру бойынша инвестициялық жобасы өнеркәсіптік кремний, графит электродтары, полисиликон және күн панелдерін шығаруға бағытталған.

# «ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ» ГРАНТЫНЫҢ ИЕГЕРЛЕРІ

Жетісу облысында болашағынан зор үміт күттіретін дарынды жастарды қолдау жөн-жақты. Өзінің білімге, өнерге, ғылымға құштарлығын дәлелдеген талантты талапкерлердің одан арғы ізденістерін жалғастырып, іргелі істердің жүзеге асуына қажетті жағдайлар қарастырылуда.

Биыл өңірде облыс әкімінің тікелей қолдауымен алғаш рет «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантына байқау жарияланған еді. Гранттан үміткерлерден мәдениет, ғылым, бизнес, медиа және IT салалары бойынша 100-ге жуық жоба қабылданып, солардың ішінде жүргізілген қатаң іріктеуден соң топ жарған 10 жоба қолдау тапты. Халықаралық жастар күні қарсаңында жеңімпаздарға грант тапсырылды.

Грант иегерлерінің әрқайсысына өздерінің қолдау тапқан жобаларын сәтті жүзеге асырулары үшін 3 млн теңгеден берілді. 100 үміткердің ішінен оза шапқан, он тандаулының қатарында болған, «Ғылым» бағыты бойынша «Кәсіпкерлікке толмаған жасөспірімдердің психологиялық денсаулығын нығайту және суицидтік

мінәз-құлықтың алдын алу» жобасын ұсынған Жансерік Байденов суицидтік әрекетке бейім, өмірлік қиын жағдайға тап болған, сәтсіз отбасында өскен 12-16 жас аралығындағы жасөспірімдердің психологиялық денсаулығын нығайту мен суицидтік мінәз-құлықтың алдын алу бойынша кешенді зерттеу жүргізбекке ниетті екен. Жасырағы жоқ, қазіргі қоғамда аса өзекті әрі өткір болып тұрған қоғамдық, әлеуметтік проблеманың шешімін табуға талпынған Жансеріктің жобасы жүзеге асса, жасөспірімдердің өзіне-өзі қол салуына байланысты талай жамандықтың жолы кесілер еді. Сондықтан жастарымыздың осындай бүкіл қоғамды алаңдатып отырған мәселені шешуге талпынған қадамын құптаудың



дұрыстығын жоққа шығара алмаймыз. Ал оның заманасында Салтанат Жақсылықова Үштөбе қаласында аудандық кітапхананың жанынан заманауи құралдармен жабдықталған коворкинг орталығын ашуды ойға алыпты. Ол бұл орталықты жастарды кітап оқуға тартатын, сонымен қатар түрлі семинарлар, дәрістер, тренингтер өткізуге болатын білім ордасына

айналдырмақ. Балалар мен жастар әлеуметтік желілердің жетегінде кетіп, интернетке тәуелділікке ұшыраған қазіргі кезде оларды кітап оқуға баулу, білімді, ғылымды игеруге құштарлығын арттырудың маңыздылығы айтпаса да түсінікті. Ақпараттық технология бойынша «Галографиялық 3D вентилятор» жобасымен грант ұтқан Жалғас Манархан өз

бастамасы жайлы: «Галографиялық 3D вентилятор дегеніміз — үш өлшемді кескін проекциясын ауада «қалқытып» тұратын технологиялық әзірлеме. Жоба Жетісу облысы көлемінде инновациялық жарнамалық қызметтерді ұсынуды мақсат етеді. Жобаны қолдау аясы кең. Вентиляторларды метро, әуежай, сауда орталықтарында, автосалондарда, бутиктерде, қоңауқылдар және басқа да халық көп шоғырланған аймақтарда пайдалануға болады. Бұл тек ақпараттық дисплей ғана емес, B2B сегментіне арналған жарнамалық құрал», — дейді.

Сондай-ақ медиа саласында Атамұра Мұсаханов «Қасқыр ұлыған түнде» қысқаметражды фильмін түсіруді қолға алса, Диас Наби мобилографиялық қызметтер ұсынбақ. Бұдан өзге де грант ұтқан қызықты жобаларды жетісулық жастар бір жыл көлемінде жүзеге асырмақ.

Болат АБАҒАН,  
Жетісу облысы

**Гүлжан НАҚЫПОВА,**  
джиу-джитсудан әлемнің екі дүркін чемпионы:

## ҮШІНШІ РЕТ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

Гүлжан Нақыпова – көпшілікке спортшы ретінде танымал. Әлемнің екі дүркін чемпионы болған ару бүгінде Испанияның Барселона қаласында тұрады. Сонымен қатар ол төрт тілді еркін меңгерген полиглот қана емес, білім саласымен айналысып жүрген кәсіпкер. Жырақта жүрген қандасымызбен спорттағы жоспары мен қазіргі өмірі туралы сұхбат құрған едік.



– Гүлжан, алдымен спортқа қалай келгеніңді біле отырсақ...

– Мен Қызылорда қаласында өмірге келдім. Балалық шағым өте бақытты, қызықты өтті. Әкем мен анам сабағым, жақсы білім алуыма қатты көңіл бөлді. Зерек болғасын шығар, фортепиано, би және спортпен кішкентайымнан айналыстым. Бойымдағы энергиям тасып жүретін мені ата-анам спортқа 6 жасымнан берді. Өзім бәсекелестікті өте ұнаттым. Сондықтан болар осындай жекпе-жек спорт түрлері маған өте жақын. 2017 жылдан бастап джиу-джитсу бойынша ҚР Ұлттық құрамасының құрамында Қазақстанды әлемдік аренада көрсете бастадым. Құдайға шүкір, екі рет әлем чемпионы болдым.

– Жастайыңыздан білімге құштар болған екенсіз. Қандай мамандық бойынша білім алдыңыз?

– Мектепті бітірісімен Алматыдағы Казак-Америка университетінің «Халықаралық қатынастар» мамандығына оқуға түстім. Оқи жүріп «Sopu» корпорациясында жұмыс істедім. Кішкентайымнан теледидардан Испанияның фильмдерін көруді ұнаттым. Әрі сонда тұрамын деп алдыма мақсат қойдым. Осы оймен Барселонаға оқуға аттандым. Онда бизнес және туризм саласындағы магистр дәрежесін алдым. Ол елде университетпен әріптестік орнататын агенттік тауып, испан тілін меңгере бастадым.

– Неліктен Испанияны таңдадыңыз? Еуропаның өзге де мемлекеттері бар емес пе?

таған соң Испанияға аттандым. Мыннан бірін ғана қолы жететін Sopu корпорациясымен де келісімшартты үздім. Менің бұл қылығыма қарап бас шайқағандар көп болды. Бірақ мен арманымды алдағым келмеді. Испанияның маған өмір салты ұнайды. Мұнда Барселонада менің 15 туысым бар. Олар – Қызылорда, Алматы, Астана, Семей, Өскемен және Павлодардың қазақтары.

– Ал жеке кәсібіңді қалай бастадыңыз?

– Барселонада алғашқы жылы-ақ туризмді дамыту мәселелерімен айналысатын компанияда тәжірибеден өттім. Маған ол жұмыс өте ұнады. Мен жұмыс істеген топ Хорватия туризмін зерттейтін. Штаттағы қызметкер орындайтын барлық техникалық жұмысты бітіріп бердім. Тұрақты жұмысқа қабылдануыма толық мүмкіндік берді. Бірақ менің көздегенім өз жеке ісімді ашу болатын. Көп ұзамай, бизнес жоспар құрып, бар күшімді соны іске асыруға жұмсадым. Мен онда өзге елден Еуропа мен Канадаға оқуға түсушілермен жұмыс істедім. Бастапқыда әлеуметтік желі арқылы клиенттерімен онлайн кездесулер өткізіп жүрдім. Осылайша, Education Best атты компаниям уақыт өте келе таныла бастады. Оған сұраныс та арта бастады. Бұл компания шетелде оқуды ғана емес, сонымен қатар халықаралық іс-тәжірибеден өтуге де көмектеседі.

– Алдағы уақытта қандай жоспарларыңыз бар?



“  
Мыңнан бірдің ғана қолы жететін Sopu корпорациясымен де келісімшартты үздім. Менің бұл қылығыма қарап бас шайқағандар көп болды. Бірақ мен арманымды алдағым келмеді.”

– Мұнда алғашқы жылдары кереметтей сезімде жүрдім. Бұл елге келуіме Алматыдағы қарбалас тірлік себеп болған шығар. Алматыда сабақтан соң жұмысқа барып, жұмыстан соң құрбымыз екеуіміз өзіміз ашқан «Хозяюшки» дүкеніне соғамыз. Әрине, онда да өмір қайнап жататын. Бірақ күн сайын қайталан беретін бірсарынды тірліктен шаршағандымыз сездім. Ақыры, дүкенді құрбыма тапсырып, өзім оқу аяқ-

– Қазір екі кішкентай балам бар. Босанғаннан кейінгі қалпыма келген соң, джиу-джитсуға қайтып ораламын деп жоспарлап отырмын. Study Prof компаниямды әрмен қарай дамытуым керек. Сонымен қатар балаларымды да спортқа бейім қылып өсірсем деп отырмын. Сондай-ақ үшінші рет әлем чемпионы болғым келеді.

Сұхбаттасқан  
Наурызбек САРША

## ФЕСТИВАЛЬ МЕЙМАНДАРДЫ ШАТТЫҚҚА БӨЛЕДІ



Балқаш көлінің жағажайында алғаш рет екі күн бойы Қарағанды облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы ұйымдастыруымен «Балқаш Tourfest – 2023» ауқымды фестивалі өтті. Шығармашылық, спорт және ойын-сауық бағытындағы бұліс-шарасына 10 мыңнан астам адам қатысты.

– Біздің басты мақсатымыз – қызықты шара ұйымдастырып қана қоймай, өңіріміздің туризмін дамытуға маңызды үлес қосу. Біз «Балқаш» атауының өзіндік брендке, қайталанбас табиғи сұлулық пен таңғажайып мәдени жаңалықтардың символына айналғанын қалаймыз. Біздің фестиваль – бұл Балқаш пен Алақөл бассейнінің экологиясының маңызды мәселелерін көтеру мүмкіндігі. Қонақтар ғана емес, жергілікті тұрғындар да қоршаған табиғатты мұқият қорғауды қажет ететін құнды ресурс ретінде қабылдауын қалыптастыруға тырысамыз, – дейді Балқаш қаласы әкімінің көмекшісі Жәнібек Сұлтаналиев.

Йога және зумба инструкторларының сабақтары фестивалдің маңызды бөлігі болды.

Барлық ниет білдірушілер 400 метрге жүзу, жағажай волейболы, армрестлинг және гір көтеру бойынша күштерін сынады.

Фестивальге облыс аумағындағы «Жасыл ел» жауынгерлері жиналды. Жас балалар жағажай аумағын тазалауға қатысты, сондай-ақ олар үшін арнайы байқау мен викторина, спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Мерекеге Қарағанды, Екібастұз, Астана қалаларынан келген вокалистер, музыкалық топтар мен хореографиялық ансамбльдер әннен шашу шашты.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,  
Қарағанды облысы

## ЕРІКТІЛЕР ЖАРЫС ЖОЛЫНДА

Халықаралық жастар күніне орай, АМАНАТ партиясының «Жастар Рухы» Жастар қанатының Қарағанды облыстық филиалының ұйымдастыруымен волонтерлік ұйымдар арасында 100-ден астам жастың қатысуымен шағын футболдан турнир өтті.



18 команда қатысқан долада Теміртау, Шахтинск, Саран қалаларының және Абай ауданының командалары да болды.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортпен шұғылдану – деніміздің сау болуының басты кепілі. Футбол ұжымдық ойын болғандықтан, команда мүшелерінің, ерікті, еңбеккер жастардың бір-бірімен ауызбіршілігін көрсетті.

Тартысты өткен жарыста 1-орынды «Исландия» командасы алса, 2-орынды «Мы из Шахтинска» командасы еншіледі. Ал 3 орын – Team Ahiwki командасында.

Ұйымдастырушылар үздік ойын көрсеткен Руслан Бекбаев мен Эльдар Махмадовқа арнайы жүлде табыстады.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Асқар БЕК –  
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Саятхан САТЫБАҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Роза ШӘКЕН –  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Баян ЖАНУЗАК –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талпырыс №4338  
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,